

**МКҚК №53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы**  
**«Раушан» ересек тобының**  
**2020-2021 оқу жылы**  
**музыка ұйымдастырылған оқу қызметінің**  
**технологиялық картасы**

**Орындаған: саз жетекшісі: Турдалиева У.**

Күні: 03.09.2020

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Менің балабақшам»

**Мақсаты:** Қарапайым би қимылдарын жұппен билеуге, есте сақтауға үйрету.

Балабақшаға сүйіспеншілігін арттыру.

**Көрнекілік:** балабақша өмірінен суреттер, сылдырмақтар, нота хрестоматиясы.

Балабақшаға сүйіспеншілігін арттыру

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Қазақ маршы» (А. Затаевич). Балаларды музыка залында көңілді қарсы алады. Амандасады.</p> <p>-Амансыңдарма дастарым? Сендерді көргеніме қуаныштымы!</p> <p>Қуан шаттан алақай!</p> <p>Қуанатын кез келді.</p> <p>Күліп шықты күн бүгін,</p> <p>Қайырлы таң балақай!</p> <p>-Балалар, бүгін жаңа оқу жылы басталды. Жастарың бір жасқа үлкейді. Енді сендер кішкене сәби емессіңдер, ересек болдыңдар.</p>	<p>Балалар музыка залына көңілді мерекелік маршпен келеді. Амандасады. Шеңбер бойымен жүгіреді, жүреді.</p>
Ұйымдастырушылық – ізденістік	<p>Музыка тындау. «Балабақша бағында» (С. Кәрімбаев). - Өнде не туралы айтылған? - Әннің көңіл күйі қандай, көңілді ме әлде көңілсіз бе? - Сендерге балабақша ұнай ма? Ән айту.</p> <p>«Балдырғандар әні» (Ш. Қалдаяқов). Алдымен ән айту ережелерін еске түсірейік. Бұл ән бақытты балалар туралы. Әрбір күн қуанышты, балалар бақытты болса, бақшада гүлдер де жайнайтыны айтылады. Әннің мәтініне тоқталып, балаларға түсіндіріп, жетекші әуенді қайталап, балаларға үйретеді. «Тату доспыз бәріміз» (Е. Меңдешев) әнін еске түсіру. Қайталау. Билер. «Қосарланып билеу» – Литва халық әні, өндеген Т. Попатенко. Балалар жұптасып, шеңбер бойымен жүріп, әуеннің өзгеруіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соғып, қол ұстасып, дөңгеленіп айналады. Ойындар, хороводтар. «Ұшты-ұшты». Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойын арқылы балаларды ұқыптылыққа үйрету. Ұшатын мен ұшпайтын заттарды ажыратып үйренеді. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Сылдырмақтар» орыс халық әні. Әуен ойналғанда балалар сылдырмақтарын сылдырлатып, әуенге ілеседі. Ырғаққа ілесе орындауларын қадағала</p>	<p>Балалар әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы түсініктерін жеткізуге тырысады. Балалар ережелерді сақтайды. Әннің мәтінін үйреніп, әуенге қосылып айтады. Балалар музыка әуеніне ілесіп, қимылдар жасайды. Қол ұстасып, әуенге ілесіп еркін жүреді, аяқтарын ырғаққа ілесе топылдатады. Қол ұстасып, айналады.</p>
Рефлексиялық-	Қортындылау, балаларды мадақтау, көтермелеу.	

түзетушілік		
-------------	--	--

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Өнді дұрыс түсіне білу, әуенге ілесе айта білу.

**Игереді:** Татулық, достық түсініктерін.

**Меңгереді:** музыкалық аспаптарды таниды, оларды іс жүзінде қолданады.

*Әдіскер: Асият Жантөле*

Күні: 08.09.2020/10.09.2020

№2-3 Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

Тобы: «Раушан» ересек

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Менің достарым»

Мақсаты: Әуенді сезіне білуге, әннің мағынасын түсінуге баулу. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: «Менің досым» - балалардың салған суреттерінен көрме, сылдырмақтар, ұсақ гүлдер, нота хрестоматиясы.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберін жасау. Жүгірту, би қимылдарын үзінділер жасату (серіппе, аяқты топылдату, т.б) Балабақша бағында Сайрандаймыз таңында Нақ өзімдей бүлдіршін Достарым көп жанымда. I.Шұғаев	Балалар тізбектеліп, көңілді музыкамен залға келеді. Амандасады. Шаттық шеңберінде жылы лебіздер айтады. Музыка ырғағымен қимылдар жасайды.
<b>Ұйымдастырушылық – ізденістік</b>	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Балалар мен аю» (Е. Тиличеева) Достық туралы әңгіме жүргізу. Бір-бірімен тату, дос болып, ешқашан ренжіспеу керек. «Досы көпті жау алмайды» деген мақал бар. Қиыншылық кезде достар әрқашан көмекке келеді. Сондықтан достықты бағалау керек. Музыка тыңдау. «Достық» (И. Нүсіпбаев). Музыканы тыңдап болғасын, не туралы орындалғанын сұрау. - Сендердің достарың бар ма? - Олармен қалай ойнайсыңдар? Ән айту. «Тату доспыз бәріміз» (Е. Мендешев) Ән айтар алдында ережелерді еске түсірейік. Иықты көтермей тыныс алып, денені тік ұстап, әнді еркін айту. Билер: «Серуендейміз, билейміз» (А. Тоқсанбаев). Балаларды екі-екіден қол ұстастырып, еркін қимылмен серуендеп жүргізу. Әуен өзгергенде бір-біріне бұрылып, қолдарын белдеріне қойып, аяқты топылдату. Келесі әуенде қол ұстасып айналу. Ойындар, хороводтар: «Гүл жинау», «Полька» (Н. Лысенко). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ұсақ гүлдерді шашып, музыка әуенімен екі баланы ортаға шығарып, кім көп жинайтынын жарыстыру, балалармен қосылып санау. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы: «Сылдырмақтар» – орыс халық әні. Әуен ойналғанда балалар сылдырмақтарын сылдырлатып, әуенге ілеседі.	Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады. Балалардан ән туралы жауаптар алу.  Балалар татулық, достық деген сөздің мағынасын түсіндіреді. Балалар әннің не туралы екенін түсініп, көңілді айтуға тырысады. Балалар жұппен шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді.  Әуеннің өзгеруіне сай қимылды да өзгертеді.  Қарама қарсы тұрып, аяқты топылдатады, қол ұстап дөңгелене билейді.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Сабакты қортындылау, белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.	

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Музыка арқылы өз балабақшасына деген сүйіспеншілікті сезініп, жеткізе білулері керек.

**Игереді:** Достық, әдептілік, батылдық деген түсініктері.

**Меңгереді:** Әуенге сай ырғақты ілесіп би қимылдарын жасау дағдыларын.

*Әдіскер: Әсет Рамағана 9.*

Күні: 18.09.2020

№4 Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

Тобы: «Раушан» ересек

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы : «Менің сүйікті ойыншықтарым»

Мақсаты: Балаларды сүйікті ойыншықтары арқылы өз іс-әрекеттерін сезіне білуге тәрбиелеу. **Көрнекілік:** : композитор Дәулеткерейдің суреті, домбыра, нота хрестоматиясы.

**Билингвальді компонент:** домбыра – домбра.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка залына көңілді музыка әуенімен бірінен соң бірі тізіліп, нық қадаммен келеді. Шеңбер бойымен жүреді, жеңіл жүгіреді Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Полька» (М. Глинка) Балалар шеңбер бойымен тізені жоғары көтеріп, алға қарай жылжып қимылдар жасайды. Әуенмен жеңіл, ойнақы қимылдар жасайды.	Балалар марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып музыка залына келеді. Амандасады. Бір-біріне тілек айтып, алақандарының жылуын береді.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Музыка тыңдау. «Қосалқа» (Дәулеткерей). Балаларға күйдің авторы Дәулеткерейдің суретін көрсетіп, таныстыру. Күйді балаларға тыңдатып, күйдің мазмұнын әңгімелеу. Күйде қыз баланың сыңғырлаған шашбаулары, асықпай келе жатқан келбеті әсем бейнеленген. Балаларға көздерін жұмып, күйді мұқият тыңдатып, алған әсерлерін сұрау. Кіріспе әңгіме. Балалармен сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелесу. Ән айту. «Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев). Билер. «Көңілді жұптар» (И. Штраус) Ойындар, хороводтар. «Жұбыңды тап» (орыс халық әуені). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Жұбын таба алмай қалған бала айыбын өнер арқылы өтейді. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Сауысқан» (орыстың халық әуені, өңдеген Т. Попатенко). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Әуенге қосылып, ырғаққа ілесіп ойнай білуге ұмтылдыру.	Әнді мұқият тыңдап, ән айтар алдында дауыс жаттығуларын жасап, денені тік ұстап, қатты айғайламай айтуға үйрену. Ән айта отырып бір-бірін тыңдап, үндесіп айтуға көңіл бөлу. Балалар би қимылдарын жасап үйренеді. Балалар көңілді музыка әуеніне өз беттерінше қимыл жасап, музыка аяқталғанда жұбын тауып тұра қалу керек
Рефлексиялық-түзетушілік	Педагог оқу қызметін қорытындылау, балалардан қандай бөлімі ұнағанын сұрау, балаларды бағалау, мадақтау.	

**Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен орындайды; және хормен айтады. **Түсінеді:** музыканың ырғағын дәл беру керектігін **Қолданады:** музыкалық шығарма туралы әңгімелейді, аспаптарды таниды және олармен ойнайды, қимылдарды музыкаға сәйкес жасайды.

Әдіскер: *Аманжол*

Күні: 24.09.2018ж./27.09.2018ж.

**№5-6 Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы**

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Бақшадағы Жихаздар»

**Мақсаты:** балаларға сиқырлы сандықшаны көрсетіп, оны әуен арқылы ашып, балалардың сандықшаға қызығушылығын арттыру.

**Көрнекілік:** Композитор Е. Өміровтің суреті, ғажайып сандықша, сылдырмақтар, бубен, барабан, қуыршақтар, жұмсақ ойыншықтар, нота хрестоматиясы. Билингвальді компонент: әуенді сандықша – музыкальный сундук.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар марш музыкасымен аяқты нық басып кіріп, шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді	Балалар қатармен кіреді, тұрады. Балалар музыка ырғағымен секіруді, жүруді, жанымен, алға-артқа, аяқ ұшықимылдарын жасауға талпынады.
ізденістік  Ұйымдастырушылық Ұйымдастырушылық - ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Көңілді жұптар» (И. Штраус). Би элементтерін үйренуді жалғастыру. Педагог: Балалар, менің қолымда әуенді сандықша бар, кәне, ішін ашып көрейік, ішінде не бар екен. Педагог сандықшаның ішіне құлағын тосып көріп: - Балалар, ғажайып сандықша «Әуенді тындап, ажырат» деген тапсырма ұсынды. Музыка тындау. «Әуенді сандықша» (Е. Аглинцева). - Әннің көңіл күйі, сипаты қандай? - Әннің мазмұны не туралы? - Ән сендерге ұнады ма? Ән айту. «Жан сырым» (Е. Өміров). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді, ән көңілді, ойнақы орындалады. Таныс «Көктем жыры» (Ж. Молдажанова) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау. Билер. «Қуыршағым-ай» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хоровод. «Күн мен жаңбыр» (Б. Антюфеев) Педагог ойын шартын түсіндіреді. «Жаңбыр» музыкасы ойналғанда қолшатырдың астына тығыла қояды. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Барабаншы» (М. Красев). Педагог балаларды барабан аспабымен таныстырып, онымен ұрып ойнауды көрсету	Балалар кіріспе бөлімінде жұптасып тұрады. 1-8 такт. Балалар жеңіл жүгіріспен шеңбер бойымен жүгіреді. 9-15 такт. Ұлдар тізерлеп отырады да, қыздар айналады. 1-8 такт. Екеуі қол ұстасып, қайтадан шеңбер бойымен жүгіреді. 9-16 такт. Ұлдар қолдарын белдеріне ұстап, қыздар етектерінен ұстап, екеуі екі жаққа бір қадам жасап, тізені бүгеді. Балалар күн шыққанда шаттана ойнайды, шеңберде тұрып әндетеді, түрлі би қимылдарын жасайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнайды? Немен ұнады?	Әнді тыңдайды, үйренеді. Би қимылдарын қайталап, айтуға талпынады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыкалық шығарманың түріне сәйкес өздігінен ауыстыра отырып орындайды;

**Игереді:** сөздерді созыңқы және анық атауды;

**Меңгереді:** би сипатындағы музыканы эмоциямен қабылдайды.

*Әдіскер: Асият Мухомбетов*



Күні: 01.10.2020

## Ұйымдастырылған інің технокарта

Тобы: «Раушан» ересек

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»

Мақсаты: музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру

Көрнекілік: Композитор Ж. Тұрсынбаевтың суреті, отбасы мүшелерінің суреттері, сылдырмақтар, нота хрестоматиясы.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Балалар музыка бөлмесіне «Марш» » (Е. Андосов) музыкасымен келеді. Музыка ырғағына ілесіп, аяқты нық басуға, тізбектеліп шеңбер бойымен жүре айту. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізу.</p> <p>Шапқылауға тоймайды, жүйрік құлын бұл неткен! Тыным таппай ойнауды өзіне кім үйреткен?</p>	<p>Балалар бірінің сонынан бірі тізіліп, шеңбер бойымен жүреді.</p> <p>Шаттық шеңберінде жылы лебіздерін айтады.</p>
Ұйымдастырушылық – ізденістік	<p>Балалар ,бұл өлеңде не жайында айтылып отыр (фланеграфта шауып кележатқан құлыншақтың суретінілу).</p> <p>-құлын қай жануардың төлі? Жауап беруге көмектесу. Құлыншақ күні бойы шапсада шаршамайды.</p> <p><b>Музыка тыңдау: «Құлыншақ»</b> (Ж. Тұрсынбаев) -балалар, көздеріңді жұмып тындандаршы, нені елестеттіңдер? Дұрыс, аттың шабысын. Ат қайда өмір сүреді, қаладама, әлде ауылдама? Жылқыға көбінесе аталар күтіп жасайды. Енді сол аталар туралы ән үйренейік.</p> <p><b>Ән үйрену: «біздің атай»</b> -Атаның қолынан бәрі келеді: егін де егеді, мал да бағады, үй де салады. Ол кісіні барлығы жақсы көреді. Ән көңілді атаға арналған. Сендердің аталарың бар ма? Аталарың сендерді қалай атайды? Әннің мәтінін тындаған соң, әуенге қосылып айтуды үйренеді. Өткен әндерді еске түсіріп қайталап айту.</p> <p><b>Ойын: «Бәсең және көтеріңкі»</b> (Е. Хасанғалиев). -балалар, біз құлыншақ туралы музыка тындағанбыз, енді сол музыкаға екі-екі баладан шығып, бәйгеге түсіп жарысамыз. Белгіленген жерге кім бұрып келсе, сол бала жеңіске жетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. Билер. «Қуыршақтар биі» – орыс халық әні. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Түлкі» (орыс халық әні, өңдеген В. Попов)</p>	<p>Өлеңді тыңдап, музыка жетекшісінің сұрақтарына жауап береді. Музыканы тыңдай отырып, Алған әсерлерін білгендерінше жеткізуге тырысады. Әнді бар ынталарымен тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. Әнді үйреніп, әуенімен қосылып айтады. Өз аталары туралы айтады. Ойыншық ағашатқа мініп, аттың шабысын салып жарысады. Балалар ойынды аса құлшыныспен ойнайды. Оларға атқа шапқан ұнайды. Би элементтерін дәл қайталауға талпынады.</p> <p>Балалар таныс әуенді тыңдап, ырғаққа ілесе сылдырмақпен ойнайды.</p>

<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?	Балалар қоштасады
---------------------------------	---	-------------------

**Күтілетін нәтиже:**

**Жасайды:** таныс музыкамен оның негізгі көңіл күйін бере отырып, қимылдарды жасайды; әндерді орындайды

**Түсінеді:** әнді бірге бастап, бірге аяқтауды;

**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қимылдарды музыкалық шығарманың түріне сәйкес өздігінен ауыстыра отырып орындайды, аспаптарда ойнайды

*Әдіскер: Асият Жантөре*

Күні: 13.10.2020

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы**

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»

**Мақсаты** Жолда жүру ережелерін есте сақтауға, жол белгілерінің неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету. Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу **Көрнекілік:** Бағдаршам суреттері, жол белгілерінің суреттері. Таспа

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Музыкалық - ырғақты қимылдар Музыка жетекшісі оқу қызметін әрі қарай жалғастыру мақсатында Ө.Байділданың «Көңілді би» шығармасы әуенімен (Аудиозапись произведения О.Байдильды «Веселый танец») балаларды шеңберге тұрғызады: - Балалар, шеңберді кең, әдемі жасайықшы, міне, жарайсыңдар. Енді музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз	Балалар әуенменжүруді, би ырғақтарынқайталауды үйренеді. Балалар «Күзгі орман»
<b>Ұйымдастырушылық – ізденістік</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Музыка жетекшісі балаларды қызықтыру мақсатында: - Балалар, тақтаға назар аударайықшы?! - Балалар, мына суреттен нені көріп тұрсыңдар? Бағдаршамды. - Бағдаршам не үшін қажет? Жол ережесін бұзбас үшін. - Балалар, жол ережесі дегеніміз не? - Біздің қауіпсіздігімізді қамтамасыз ететін жол тәртібі құралы. - Олай болса, бағдаршам туралы ән тыңдап, сол әнді бәріміз бірге тыңдайық. - Сол әнді тыңдап көрейікші, балалар! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз. - Балалар, ән қалай аталады? Бағдаршам. - Балалар, әннің әуенін жазған Бота Бейсенова. - Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Өте қызық ән, балалар, солай ма? Әнді бәріміз тағы да қосылып тыңдаймыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды: - Балалар, әннің жазған сазгер кім? - Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады? Бағдаршам. Ән айту: «Балдырғандар әні» (Ш. Қалдаяқов) Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қол шатырмен би» Ойын ойнау: «Кім жылдам» Қимылды ойын.	Балалар жаттығудыеркін орындайды,үйренеді. Көліккемініп, шеңберменжүріп келеді. талпынады. Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту. Музыка арқылы қуана білуге, шаттана білуге тәрбиелеу.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	- Балалар, бізге бүгін қуыршаққа қандай жақсылық жасадық? - Ән тыңдаттық. Жақсы. - Қандай ән тыңдадық, балалар? - «Бағдаршам» әнін. - Қандай ән айтуды үйрендік? . - Қандай ойын ойнадық?. Сендерге оқу қызметі ұнады ма? - Оқу қызметі де осымен аяқталды, сау болыңдар!	Балалар кейіпкерлерді есіне түсіріп, жауап беруге тырысады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканың ырғағын ажыратуды, музыканы тыңдап, кейіпкерлердің әуеніне салып ойнауды.

**Игереді:** музыканың динамикалық түрлерін, сипатын ажыратуды.

**Меңгереді:** музыка ырғағымен би қимылдарын жасауды.

Әдіскер: *Аманжол* Аманжол

Күні: 20.10.2020/22.10.2020

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

Тобы: «Раушан» ересек

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Алтын күз»

Мақсаты: Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау  
Көрнекілік: композитор Л. Хамидидің суреті, таңғы жайлауды бейнелейтін сурет, үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы

	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балаларды көңілді музыка әуенімен қарсы алады. Балалар музыкаға ілесіп аңдардың қимылдарын жасайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Біздер ектік бақшаны» (Уражай собирай) әуенімен Балалар музыкаға ілесіп, ауыздарымен дыбыс шығарып, қолдарын қанат етіп жайып ұшады. Педагог: Балалар біз өткен оқу қызметінде күз жомарт, күзгі орман туралы өткенбіз. Енді бүгін осы күз байлықтарымен танысамыз. - Жемістер қай кезде піседі? - Қандай көгөністерді білесіңдер	Балалар әуенмен жүруді, би ырғақтарын қайталауды үйренеді. Балалар «Күзгі орман»
Ұйымдастырушылық – ізденістік	<b>Музыка тыңдау:</b> «Жайлау таңы» (Л. Хамиди). Композитор Л. Хамидидің суреті көрсету. Педагог шығарманы орындайды. Бұл музыкада не туралы айтылғанын сұрау. Жемістерге не жатады, көгөністерге не жатады, ажырата білу. Ән айту. «Жаңбыр» (Ә. Телғозиев) - Әннің көңіл күйі қандай? - Жаңбыр бізге не үшін керек, жаңбырдың қандай пайдасы бар? - Жаңбырдан кейін не пайда болады, оны көргендерің бар ма? Таныс «Күз тамаша» (Л. Мұқашева) әнін еске түсіру. Қайталау. Билер. «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар. «Киіз үй» ән-ойын (Т. Сарыбаева). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Сыңғырлаған үшбұрыш» (Р. Рустамов). Балалар әуенге үшбұрышпен қосылып ойнайды	Балалар жаттығуды еркін орындайды, үйренеді. Балалар әуенге ілесіп элементтерді қайталап, қимылдар жасайды. Жинақта көрсетілген суреттер бойынша жеке элементтер арқылы би құрастырады. Балалар әуенге ілесіп мәтінін айта жүріп қимылдар жасайды. Қолдарын жоғары көтеріп, қол ұстасып, шеңберді кеңейтіп, қолдарын созып, шеңбер бойымен айналып қимылдар жасайды
Рефлексиялық-түзетушілік	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Балалар, бүгінгі оқу қызметінде не туралы әңгімелестік? Не ұнады?	Балалар кейіпкерлерді есіне түсіріп, жауап беруге тырысады.

Күтілетін нәтиже: **Біледі:** хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айтады; **Игереді:** музыканың динамикалық түрлерін, сипатын ажыратуды. **Менгереді:** музыка ырғағымен би қимылдарын жасауды.

Әдіскер: 

Күні: 05.11.2020

### Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Өзім туралы»

**Мақсаты:** Таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру.

Балаларға көңілді музыка сазымен көтеріңкі көңіл күй сыйлауды үйрету.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** композитор Ө. Байділдаевтың суреті, балалар аспаптары – бубен, сылдырмақ, нота хрестоматиясы. Билингвальді компонент: бақытты – счастливый.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар музыка залына аттың шабысына салып, аттың жүрісімен келеді. Шеңбер бойымен шапқылап, тоқтайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Полька Янка» – беларусь халық әуені, өңдеген Т. Попатенко	Балалар қол ұстасып, бір-біріне қарама қарсы тұрады. 1-8 такт. Балалар аяқтың ұшын, өкшесін, кезек-кезек қояды да, үш рет тоқылдатады. 9-16 такт. Қол ұстасып, тізені көтеріп айналады. 1-8 такт.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Музыка тыңдау. «Вальс» (А. Рождественский) Балалардан музыканың сипатын сұрау. - Музыканы ести отырып, көз алдарыңа не елестеді? - Әуеннің жылдамдығы қалай? Ән айту. «Бақшаға келемін» (Ө. Байділдаев) Балаларға композитор Ө. Байділдаевтың суретін көрсетіп, өмірінен қысқаша мәлімет беру. Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді, дауысқа күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту. Таныс «Жан сырым» (Е. Өміров) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау. Билер. «Достарым, кел, билейік» (ағылшын халық әні, аударған А. Досмағанбет). Ойындар, хороводтар. «Өз орныңды тап» («Полька» М. Глинка). Ойын шартын мұқият түсіндіреді. Балалар араласып ойнап, музыка тоқтағанда өз орындарын тауып тұра қалу керек. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Сылдырмақтар» (орыс халық әні). Музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау.	Балалар тыңдайды. Суретке қарап, көрсетіп айтуға талпынады. Балалар өткен әнді тыңдап, есінетүсіруге тырысады. Балалар әнді тыңдап, айтуға тырысады. Балалар әнді айта жүріп, шеңберге тұрып, қимылдар жасайды.

<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Тыңдаған музыкаларың туралы не айта аласыңдар? - Сендер қандай музыка аспаптарында ойнадыңдар? - Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма?	Балалар ойынға қатысып, жемістердің атын айтуға тырысады. Күз мезгілінің әні  Балалар қоштасып, шығып кетеді.
---------------------------------	--	--

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдайды, сипаттайды, музыкаға сәйкес қимылдайды;

**Игереді:** . әнді бірге бастап, бірге аяқтауды;

**Меңгереді;** әуені бойынша әндерді таниды, олардың мазмұны туралы баяндайды, жұппен би қимылдарын орындайды.

Әдіскер: *Аманжол*

Күні: 10.11.2020/12.11.2020

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

Тобы: «Раушан» ересек

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Дұрыс тамақтану»

Мақсаты: Музыканың екі түрлі формасына қимылдарын ауыстыра білуге дағдыландыру. Балаларды күз байлықтарын бағалауға, қастерлеуге тәрбиелеу.

Көрнекілік: композитор Л. Хамидидің суреті, таңғы жайлауды бейнелейтін сурет, үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балаларды көңілді музыка әуенімен қарсы алады. Балалар музыкаға ілесіп аңдардың қимылдарын жасайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Ұшақ ұшты» (Е. Тиличеева) Балалар музыкаға ілесіп, ауыздарымен дыбыс шығарып, қолдарын қанат етіп жайып ұшады. Педагог: Балалар біз өткен оқу қызметінде күз жомарт, күзгі орман туралы өткенбіз. Енді бүгін осы күз байлықтарымен танысамыз. - Жемістер қай кезде піседі? - Қандай көгөністерді білесіндер	Балалар әуенменжүруді, би ырғақтарынқайталауды үйренеді. Балалар «Күзгі орман»
Ұйымдастырушылық – ізденістік	<b>Музыка тыңдау:</b> «Жайлау таңы» (Л. Хамиди). Композитор Л. Хамидидің суреті көрсету. Педагог шығарманы орындайды. Бұл музыкада не туралы айтылғанын сұрау. Жемістерге не жатады, көгөністерге не жатады, ажырата білу. Ән айту. «Жаңбыр» (Ә. Телғозиев) - Әннің көңіл күйі қандай? - Жаңбыр бізге не үшін керек, жаңбырдың қандай пайдасы бар? - Жаңбырдан кейін не пайда болады, оны көргендерің бар ма? Таныс «Күз тамаша» (Л. Мұқашева) әнін еске түсіру. Қайталау. Билер. «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар. «Киіз үй» ән-ойын (Т. Сарыбаева). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Сыңғырлаған үшбұрыш» (Р. Рустамов). Балалар әуенге үшбұрышпен қосылып ойнайды	Балалар жаттығудыеркін орындайды,үйренеді. Балалар әуенге ілесіп элементтерді қайталап, қимылдар жасайды. Жинақта көрсетілген суреттер бойынша жеке элементтер арқылы би құрастырады. Балалар әуенге ілесіп мәтінін айта жүріп қимылдар жасайды. Қолдарын жоғары көтеріп, қол ұстасып, шеңберді кеңейтіп, қолдарын созып, шеңбер бойымен айналып қимылдар жасайды
Рефлексиялық-түзетушілік	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Балалар, бүгінгі оқу қызметінде не туралы әңгімелестік? Не ұнады?	Балалар кейіпкерлерді есіне түсіріп, жауап беруге тырысады.



**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айтады;

**Игереді:** музыканың динамикалық түрлерін, сипатын ажыратуды.

**Меңгереді:** музыка ырғағымен би қимылдарын жасауды.

Әдіскер: *Аманжол* Аманжол

Күні: 17.11.2020

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

Тобы: «Раушан» ересек

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Өзіңе де өзгелерге де көмектес» «Күзгі орман»

Мақсаты: Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге үйрету. Музыка арқылы қуана білуге, шаттана білуге тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: күзгі орманның суреттері, ұрмалы үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы. Билингвальді компонент: орман – лес

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларға күзгі орманның суреттерін көрсетіп, ормандағы аңдармен таныстыру. Орманда аңдармен дос боламыз. - Ормандағы қандай аңдарды білесіңдер? Балалар аңдарды атайды, сол аңдардың дыбысын тыңдату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Көкек» (Е. Тиличеева) Асықпай, әуенге ілесіп, қолдарын қанат етіп, шеңбер бойымен ұшу.	Балалар залға көңілді музыкамен келеді, шеңбермен жүреді, жүгіреді, әуенге сай би қимылдарынан элементтер жасайды.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Музыка тыңдау. «Көңіл күйін ажырат»: 1. «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов) – көңілді ырғақ, 2. «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) – жігерлі, 3. «Вальс» (Қ. Шілдебаев) – сабырлы. Балалар әртүрлі музыканың көңіл күйін ажыратады. Ән айту. «Күз тамаша» (Л. Мұқашева) Жоғары дыбыстарды айтқанда дыбысты таза айтуға көңіл бөлу. Әннің әрбір сөзіне мән беру. - Әнде не туралы айтылған? - Әннің көңіл күйі қандай? - Өздерің күздің қандай құбылыстарын байқадыңдар, күз мезгілі сендерге ұнай ма, несімен ұнайды? Таныс «Алтын күз» (Ж. Молдажанова) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау. Билер. «Көбелек» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Биді әрі қарай жалғастыру. Ойындар. Хороводтар. «Қасқыр мен қояндар» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар ойнайды. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Полька» (А. Филиппенко).	Балалар тыңдайды. Суретке қарап, көрсетіп айтуға талпынады. Балалар өткен әнді тыңдап, есінетүсіруге тырысады. Балалар әнді тыңдап, айтуға тырысады. Балалар әнді айта жүріп, шеңберге тұрып, қимылдар жасайды. Балалар әуенді үлкен адамдардың орындауында тыңдап, үшбұрышпен ілеседі.

<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Тыңдаған музыкаларың туралы не айта аласыңдар? - Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма?	Балалар ойынға қатысып, жемістердің атын айтуға тырысады. Күз мезгілінің әні Балалар қоштасып, шығып кетеді.
---------------------------------	--	--

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканың ырғағын дәл береді; ырғаққа ілесе қимылдар жасайды.

**Игереді:** музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгертуді;

**Меңгереді;** жоғары және төмен қолының қимылымен көрсетіп, әуенін және қайырмасын айтады

*Әдіскер: Аманжол*

Күні: 24.11.2020/26.11.2020

### Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** Біз күштіміз, ептіміз»

**Мақсаты:** Музыкалық фразалардың ауысуымен әр түрлі қимылдар жасағанда нақтылыққа, ширақтыққа ұмтылдару. Ән арқылы шынығудың қажеттілігін түсіндіру.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	. Марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып, музыка залына келеді. Шаттық шеңберінде тұрып, бір-біріне жылы ықыластарын, қолдарының жылуын жеткізеді.	Балалар залға көңілді музыкамен келеді, шеңбермен жүреді, жүгіреді, әуенге сай би қимылдарынан элементтер жасайды.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Ән тыңдау: Аяқ допшы» Т.Кулинова. «Зерек ботақан» жинағынан Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ» Ән салу « Жүгіреді-жүгіреді», «Физкультура!» Әуенді ырғақты қимыл: « Спорт, спорт »А.Қалаубаеваның Дидактикалық ойын: «Арқан тартыс»	Балалар тыңдайды. Суретке қарап, көрсетіп айтуға талпынады. Балалар өткен әнді тыңдап, есінетүсіруге тырысады. Балалар әнді тыңдап, айтуға тырысады. Балалар әнді айта жүріп, шеңберге тұрып, қимылдар жасайды. Балалар әуенді үлкен адамдардың орындауында тыңдап, үшбұрышпен ілеседі.
Рефлексиялық-түзетушілік	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Тыңдаған музыкаларың туралы не айта аласыңдар? - Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма?	Балалар ойынға қатысып, жемістердің атын айтуға тырысады. Балалар қоштасып, шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканың ырғағын дәл береді; ырғаққа ілесе қимылдар жасайды.

**Игереді:** музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгертуді;

**Меңгереді;** жоғары және төмен қолының қимылымен көрсетіп, әуенін және қайырмасын айтады

Әзіскер: *Аманжол*

Күні: 03.12.2020

### Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

Тобы: «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Тәуелсіздік Қазақстан»

**Мақсаты:** Балаларға кең-байтақ өлкеміз Қазақстан туралы мәлімет беріп, оларды музыка арқылы патриоттық сезімге тәрбиелеу. Балалардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** интерактивті тақта, Отанымыздың көрнекті жерлерінің суреттері, тақия, үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы. Билингвальді компонент: Отан – Родина.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балаларды қарсы алады. «Қазақ маршы» (А. Затаевич) музыкасымен музыка залына кіру, тізені жоғары көтеріп, аяқты нық басып, бірдей қимылдап жүру.	Балалар залға көңілді музыкамен келеді, шеңбермен жүреді, жүгіреді, әуенге сай би қимылдарынан элементтер жасайды. Музыкаға ілесіп шеңбер бойымен жүгіріп, музыка ауысқанда секіреді.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Жүгіреміз, секіреміз» (С. Соснина) Кіріспе әңгіме. Интерактивті тақтадан балаларға Қазақстанның көрікті жерлерін, ірі қалаларын, астанамыз – Астана, Алматы туралы суреттер көрсету. Кең-байтақ елімізді мақтан етіп, ақындар мен сазгерлер өз ән-жырларын арнаған. Музыка тыңдау. «Отан – ортақ үйіміз» (Д. Ботбаев) - Бұл әннің көңіл күйі қандай? - Ән мазмұнында не туралы айтылады? - Сен Отан дегенді қалай түсінесің? Ән айту. «Отанның жас өркені» (Г. Дауылбаева, Б. Жұмабекова). - Ән не туралы? - Сендерге ән ұнады ма? Таныс «Біз өмірдің гүліміз» (Б. Ғизатов) әнін еске түсіру. Қайталау. Билер. «Фин полькасы» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар. «Тақия тастамақ» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Дәлденбай). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Бала шеңберді айналып жүріп мәтінін қайталайды, сөз соңында тақияны білдірмей бір баланың артына тастайды, ол бала тақия тастаған баланы қуып жетуі керек, жете алмаса, айыбын төлейді. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Тамшылар» (О. Мазурова).	Әнді балалар бір-бірін тыңдап, бірге бастап, бірге аяқтап айтуға көңіл бөлу. Балалар биді әрі қарай жалғастырады. Жұппен бірге қимылды бірдей жасап үйренеді. Ауырлау элементтерді жеке қайталады. Балалар педагогтің көрсету бойынша тамшылардың тамғанын үшбұрышпен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Бүгінгі сабақта не ұнады?	Балалар қоштасып,шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау.

**Игереді:** музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау.

**Меңгереді;** би сипатындағы музыканы эмоциямен қабылдайды

*Әдіскер: Әсет Рамағана 9.*

Күні: 08.12.2020/10.12.2020

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы**

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Жайна бер Қазақстан»

**Мақсаты:** Балаларға кең-байтақ өлкеміз Қазақстан туралы мәлімет беріп, оларды музыка арқылы патриоттық сезімге тәрбиелеу. Балалардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Қолданылатын көрнекі құралдар: С. Мұхамеджановтың суреті, Қазақстанның рәміздерінің суреттері, сылдырмақтар, нота хрестоматиясы. Билингвальді компонент: астана – столица.

қу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Педагог балаларды қарсы алады. «Қазақ маршы» (А. Затаевич) музыкасымен музыка залына кіру, тізені жоғары көтеріп, аяқты нық басып, бірдей қимылдап жүру.	Балалар залға көңілді музыкамен келеді, шеңбермен жүреді, жүгіреді, әуенге сай би қимылдарынан элементтер жасайды.
<b>Ұйымдастырушылық – ізденістік</b>	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Шабандоз» (Р. Шуман/ Музыкаға ілесіп, аттың шабысын салып шапқылау. Педагог Қазақстан туралы әңгіме-сұхбат жүргізіп, Қазақстанның рәміздеріне тоқталады. Егеменді ел екенімізді дәлелдейтін гимн, елтаңба, туымыз бар. Олардың суреттерін көрсетіп, авторларымен таныстырады. Қазақстанның кең-байтақ жері бар, әдемі қалалары, сұлу табиғаты, орман тау, көлдері бар бай мемлекет. Музыка тыңдау. «Қазақстан» (С. Мұхамеджанов). С. Мұхамеджановтың суретін көрсету. - Музыка тыңдап, мәтінінен не түсіндіңдер? - Әннің сипаты қандай? - Қазақстан туралы қандай тақпақ білесіңдер? Ән айту. «Бейбіт болсын қашанда» (А. Досмағанбет). Әнді қатты айқайламай, үндесе, бір-бірін тыңдай отырып айтуларын қадағалау. - Ән не туралы? - Сендерге ән ұнады ма? - Әнде бақытты елде тұратын бақытты балалар туралы жырланады. Көңілдері шат, бейбіт өмірде тұрып жатқан бүлдіршіндер туралы көңілді ән. Таныс «Отанның жас өркені» (Г. Дауылбаева, Б. Жұмабекова) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау. Билер. «Жалаушамен би» (қазақтың халық әуені, өңдеген Е.	Балалар тыңдайды. Суретке қарап, көрсетіп айтуға талпынады. Балалар өткен әнді тыңдап, есінетүсіруге тырысады. Балалар әнді тыңдап, айтуға тырысады. Балалар әнді айта жүріп, шеңберге тұрып, қимылдар жасайды. Балалар әуенді үлкен адамдардың орындауында тыңдап, үшбұрышпен. Әнді балалар бір-бірін тыңдап, бірге бастап, бірге аяқтап айтуға көңіл бөлу. Балалар затпен қимылдар жасайды. Жалаушаны жоғары көтеріп, қол мен аяқтың қимылдарын қоса жасауға әрекет ету. Жалаушаны аяқастырады, сегіздік нотаға ілесе жалаушаны оңға, солға ырғақпен қозғайды. Балалар шеңбер жасап қолдарын жоғары көтеріп, қақпа жасайды. Бір бала музыка әуеніне ілесіп

	Брусилловский). Ойындар, хороводтар. «Қақпа» (орыс халық әуені, өңдеген Р. Рустамов). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Пони» (С. Окунева) Әрбір жаңа такті басталғанда сылдырмақпен қосылып ойнауды ұсынады. Балалар аспаптарда ойнайды.	қақпаға кіріп, шығып жүреді, қақпа жабылғанда бала іште қалса, айыбын өтейді.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Тыңдаған музыкаларың туралы не айта аласыңдар? - Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма?	Балалар қоштасып,шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** ән айтады, би сипатындағы музыканы эмоциямен қабылдайды;

**Игереді:** сөздерді созыңқы және анық айтуды, мағынасын түсінеді;

**Меңгереді;** музыкалық ойыншықтар мен аспаптарды таниды, оларды қолданады.

*Әдіскер: Арай Рахметова 9.*



Күні: 15.12.2020

### Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

**Тобы:** «Раушан» ересек **Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Қыс келді»

**Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылыстарын музыка арқылы сезіне білуге баулу.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қысқы ойындардың суреттері, қоңырау, сылдырмақтар, нота хрестоматиясы.

қу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық қозғау	Музыка залында көңілді музыка ойналып, балалар көтеріңкі көңіл күймен залға кіреді. Шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді де би қимылдарын жасайды.	Шеңбермен жүріп, би элементтерінен үзінділер жасайды.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Аттылар» (В. Витлин. Педагог өлең оқиды. Шаңғы, шана сайла, Конькиінді байла! Думандатып ойна, Қыс қызығын тойла! Қысқы ойындардың суреттерін көрсету. Балалармен қыста ойналатын ойындар туралы туралы әңгіме жүргізу. Музыка тыңдау. «Табиғат құбылысы» - ұнтаспадан тыңдау. - Балалар, музыканы тыңдай отырып көз алдарыңа не елестеттіңдер? Музыканың көңіл күйі қандай? - Сендерге музыка ұнады ма? Ән айту. «Қыс» (Б. Жүсібәлиев). Ән айтар алдында дауыс жаттығуларын жасап, дауысты қалпына келтіріп, әнді мәнеріне келтіріп орындау. - Әннің сипаты қандай? - Не туралы айтылған? - Сендерге әуені ұнады ма?. Билер. «Кішкентай Аязаталар биі (Санта-Клаустар биі)». («Билеп үйренейік» жинағынан).. Ойындар, хороводтар. «Айгөлек» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Қыдырбекова). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар бұл ойын кезінде қалаған достарын екінші топтан шақырып алады, күштілікті талап етеді. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Түлкі» (орыс халық әні, өңдеген В. Попов).	Балалар шеңбер бойымен оң аяқты алға ұстап, жүйрік аттай шабады Биді әрі қарай жалғастырады. Қоңырауды бір уақытта сылдырлатып, әуенді тыңдап, ырғаққа ілесіп қимылдар жасау. Қоңыраумен жүгіру, айналу т.б  Балалар әуенді тыңдап, ырғаққа ілесе сылдырмақпен ойнайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Бүгінгі сабақта не ұнады?	Балалар қоштасып,шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әнді орындайды, қимылымен көрсетіп, әуенін және қайырмасын айтады;

**Игереді:** музыка жанрларын ажыратады, мағынасын түсінеді;

**Меңгереді;** үлкен шеңберге тұра алады, үйренген би элементтерін іс жүзінде қолданады.

Әдіскер: 

Күні: 22.12.2020/24.12.2020

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы**

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Қош келдің Жаңа жыл»

**Мақсаты:** Әуеннің ырғағына, мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсете білуге баулу. Балаларды жылдың қандай мезгілі болса да қабылдай білуге тәрбиелеу.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Қысқы ойындар суреттері, сылдырмақтар, нота хрестоматиясы. Билингвальді компонент: қыс – зима

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Полька» (М. Глинка) әуені орындалып, балалар полька жүрісімен секіре басып, шеңбер бойымен жүреді. Балалардың жеңіл секіруін қадағалау.	Балалар залға көңілді музыкамен келеді, шеңбермен жүреді, жүгіреді, әуенге сай би қимылдарынан элементтер жасайды. Музыкаға ілесіп шеңбер бойымен жүгіріп, музыка ауысқанда секіреді.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Коло» (украин халық әуені, өңдеген Н. Метлова). Педагог балалардың назарын далаға аударып, қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгіме жүргізеді. Қысқы ойындар туралы суреттер көрсету. Музыка тыңдау. «Біз шадыман баламыз» (Ә. Бейсеуов) Әннің көңіл күйі, сипаты қандай? - Әнде жылдың қай мезгілі туралы айтылған? - Әннің мазмұны не туралы? - Ән сендерге ұнады ма? Ән айту. «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, иықты көтермей дем алып, денені тік ұстап айту керек. Әнді қатты айқайламай, үндесе, бір-бірін тыңдай отырып айтуларын қадағалау. Балалардан әннің мазмұнын сұрау. Әуеннің ырғағына сай қимылдар жасау. Таныс «Бейбіт болсын қашанда» (А. Досмағанбет) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау. Билер. «Ақшақарлар биі» (А. Ойындар, хороводтар. «Бәсең және көтеріңкі» (Е. Хасанғалиев) Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балаларды екі түрлі көңіл күйге берілген әуенге ілесе қимыл жасауға үйрету. Жай және тез әуенге назар аудару керек. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Янка» (беларусь халық биі). Верстовский).	Балалар жұптасып қол ұстасып, бір-біріне қарап тұрып қимылдар жасайды. Ұлдар қол шапалақтап тұрып, айналады. Қыздар қол шапалақтағанда, ұлдар орындарында тұрып секіреді. Балалар қимылдар жасайды: қыздар қолдарына үлпілдек қарларды ұстап, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. Тоқтап, қолды біресе оңға, біресе солға бұлғап, орнында тұрып айналып, ортаға жиналып, қайталап қимылдар жасайды. Балалар таныс әуенді тыңдап, ырғаққа ілесе сылдырмақпен ойнайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге қатты ұнады?	Балалар қоштасып,шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже: Біледі:** музыканың ырғағын дәл береді, ырғаққа ілесе қимылдар жасайды; аспаптарда ойнайды.

**Игереді:** музыка жанрларын ажыратады, түсінеді;

**Меңгереді;** әуен немесе музыканың кіріспесі бойынша таныс әндерді таниды; олардың мазмұндары туралы айта алады;

әдіскер: *Асият Жантөре*

Күні: 05.01.2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

Тобы: «Раушан» ересек

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

**Тақырыбы:** «Ғажайып қыс»**Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылыстарын музыка арқылы сезіне білуге баулу. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қысқы ойындардың суреттері, қоңырау, сылдырмақтар, нота хрестоматиясы. Билингвальді компонент: шаңғы – лыжи.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка залында көңілді музыка ойналып, Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Аттылар» (В. Витлин) Балалар шеңбер бойымен оң аяқты алға ұстап, жүйрік аттай шабады. Педагог өлең оқиды. Шаңғы, шана сайла, Конькиңді байла! Думандатып ойна, Қыс қызығын тойла!	Балалар көтеріңкі көңіл күймен залға кіреді. Шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді де би қимылдарын жасайды
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Қысқы ойындардың суреттерін көрсету. Балалармен қыста ойналатын ойындар туралы туралы әңгіме жүргізу. Музыка тыңдау. «Табиғат құбылысы» - ұнтаспадан тыңдау. - Балалар, музыканы тыңдай отырып көз алдарыңа не елестетіңдер? Музыканың көңіл күйі қандай? - Сендерге музыка ұнады ма? Ән айту. «Қыс» (Б. Жүсіпәлиев). - Әннің сипаты қандай? - Не туралы айтылған? - Сендерге әуені ұнады ма? Таныс «Аязата сыйлығы» (Ж. Тезекбаев) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау. Билер. «Кішкентай Аязаталар биі (Санта-Клаустар биі)». («Билеп үйренейік» жинағынан). Биді әрі қарай жалғастырады.. Ойындар, хороводтар. «Айгөлек» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Қыдырбекова). Педагог ойын шартын түсіндіреді.. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Түлкі» (орыс халық әні, өңдеген В. Попов).	Балалар ән айтар алдында дауыс жаттығуларын жасап, дауысты қалпына келтіріп, әнді мәнеріне келтіріп орындайды.  Балалар қоңырауды бір уақытта сылдырлатып, әуенді тыңдап, ырғаққа ілесіп қимылдар жасайды . Қоңыраумен жүгіру, айналу т.б.  Балалар әуенді тыңдап, ырғаққа ілесе сылдырмақпен ойнайды. Балалар бұл ойын кезінде қалаған достарын екінші топтан шақырып алады, күштілікті талап етеді
Рефлексиялық-түзетушілік	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге қатты ұнады?	Балалар қоштасып,шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**Біледі: музыканың ырғағын дәл береді, ырғаққа ілесе қимылдар жасайды; аспаптарда ойнайды.**Игереді:** музыка жанрларын ажыратады, түсінеді;

**Меңгереді;** әуен немесе музыканың кіріспесі бойынша таныс әндерді таниды; олардың мазмұндары туралы айта алады;

Әдіскер: 

Күні: 12.01.2021/14.12.2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

Тобы: «Раушан» ересек

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Жануарлар әлемі»

Мақсаты:.. Музыкалық аспаптарда орындалған әртүрлі ырғақты, таныс әуендерді ажырата білуге баулу.

Қолданылатын көрнекі құралдар; Қолданылатын көрнекі құралдар: Қояндар мен Аюдың атрибуттары, нота хрестоматиясы. Билингвальді компонент: қоян – заяц

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка залында көңілді музыка ойналып, балалар көтеріңкі көңіл күймен залға кіреді	Балалар көтеріңкі көңіл күймен залға кіреді. Шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді де, аңдардың қимылдарын әуенге салып келтіреді.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Кім жақсы шабады?» (Т. Ломова) Музыкаға ілесіп оң аяқты алға ұстап, сол аяқпен оң аяқты қуып, атқа шапқан секілді қимыл жасайды. Кіріспе әңгіме. Балалармен Жаңа жыл мерекесі туралы әңгіме-сұхбат жүргізу. Мереке кейіпкерлерін еске түсіріп, балалардың эмоцияларына ортақтасу. Көрген-білгендерін әңгімелей білуге үйрету. Музыка тыңдау. «Сәлемет пе, Аязата» (Б. Дәлденбай) - Аязатаны қалай суреттеп отыр? - Аязатаның сақалы қандай? - Аязата қалай жүгіреді? - Әнде Аязатаның тағы қандай қасиеттерін суреттеген? - Әннің көңіл күйі қандай? Ән айту. «Аязата сыйлығы» (Ж. Тезекбаев) - Ән кім туралы? - Аязата бізге не әкеледі? - Сендерге Аязатаның сыйлықтары ұнай ма? - Басқа кімнен сыйлық аласындар? Таныс «Шырша жыры» (А. Еспенбетова) әнін еске түсіру. Қайталау. Билер. «Кішкентай Аязаталар биі (Санта-Клаустар биі)». («Билеп үйренейік» жинағынан). Ойындар, хороводтар. «Аю мен қояндар» (Б. Дәлденбай). Педагог ойын шартын түсіндіреді.. «Сағат». Балалар таныс шығарманы тыңдайды, сағаттың тықылын еске түсіре отырып, сол ырғақпен аспапты ұрады.	. Балалар қимылдар жасайды, ұлдар билейді. Балалар кішкентай Аязатаның киімдерін киіп, таяқпен жүріп, қимылдар көрсетеді. Арқаларына дорбаларын көтеріп, көңілді билейді.  Балалар әуенге ілесіп қорбаңдаған аюлардың жүрісін салады да, жеңіл әуен орындалғанда қояндардың секірген кейпін салады. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы

<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге қатты ұнады?	Балалар қоштасып,шығып кетеді.
---------------------------------	--	--------------------------------

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканың сипатына сәйкес қимылдарды музыкалық шығарманың түріне сәйкес өздігінен ауыстыра орындайды, әндерді айтады

**Игереді:** әуендердің, музыкалық шығармалардың мазмұнын.

**Меңгереді;** музыканың көңілді би сипатын қабылдайды, аспаптарда ойнайды.

*Әдіскер: Аманжолжанова А.*

Күні: 12.01.2021

### Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Құстар – біздің досымыз»

**Мақсаты:** Ойын арқылы ауа райының құбылыстарын музыкамен сезіне білуге үйрету. Құстарға қамқор болуға, оларды аялауға үйрету.

**Қолданылатын көрнекі құралдар;** түрлі құстардың және балапандарының суреттері, балалар санына сәйкес қуыршақтар, нота хрестоматиясы. Билингвальді компонент: құстар – птицы.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Көңілді әуен ырғағымен жұптасып музыка залына келеді.	Балалар Шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка ырғағымен қимылдар жасайды. Аяқты тізеден жоғары көтеріп (подскоки) жұбымен, жеке секіріп үйренеді.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Балалар полькасы» (М. Глинка). Кіріспе әңгіме. Түрлі құстардың және балапандарының суреттерін көрсету. Балалармен құстар туралы әңгіме жүргізу. Жыл құстары туралы мәлімет беру. Жыл құстары қыста жылы жаққа ұшып кетеді де, көктемде қайтадан оралады. Құстардың даусы жуандау болады да, балапандарының дауыстары жіңішке болады. Музыка тыңдау. «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова). Музыканың сипатын анықтау, алған әсерлері туралы әңгімелеу. Ән айту. «Көктем жыры» (Ж. Молдажанова) Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді, дауысқа күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту. Таныс «Төлдер» (Д. Ботбаев) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау. Билер. «Қуыршағым-ай» («Билеп үйренейік» жинағынан). Ойындар, хоровод. «Күн мен жаңбыр» (Б. Антюфеев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар күн шыққанда шаттана ойнайды, шеңберде тұрып әндетеді, түрлі би қимылдарын жасайды. «Жаңбыр» музыкасы ойналғанда қолшатырдың астына тығыла қояды.	Балалар музыканың биге тән сипатын қабылдалып, жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалуға, жұппен би қимылдарын орындайды. Балалар қимылдар жасайды: қуыршақты төстеріне қойып, оң аяқ өкшесін оңға қойып, оңға қарай, солға қарай қимылдатады. Тізе бүгіп, қуыршақты құшақтап, көзін жұмады. Сұқ саусағын шошайтып көрсетеді, қуыршақты жатқызып шапалақтайды.

	Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Сауысқан» (орыстың халық әуені, өңдеген Т. Попатенко). Педагог металлофонда әр төрттік нотаға ұрып көрсетеді. Балалар қайталайды.	
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге қатты ұнады?	Балалар қоштасып, шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканың сипатына сәйкес қимылдарды музыкалық шығарманың түріне сәйкес өздігінен ауыстыра орындайды, әндерді айтады

**Игереді:** әуендердің, музыкалық шығармалардың мазмұнын.

**Меңгереді;** музыканың көңілді би сипатын қабылдайды, аспаптарда ойнайды.

*Әдіскер: Аманжолжанова А.*



Күні: 26.01.2021/28.01.2021

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы**

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Айналамыздағы өсімдіктер»

**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру;

**Қолданылатын көрнекі құралдар;** шырша ойыншықтары, нота хрестоматиясы.

Билингвальді компонент: шырша – елка.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар залға кіреді. Б. Бейсенованың (үнтаспадан) «Шырша жыры» әнімен қол ұстасып, шеңбер бойымен жүруді үйренеді.	Балалар ән мәтініне сай қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Жүгіреміз, секіреміз» (С. Соснина) Музыка тыңдау. «Жасыл шырша жанында» (К. Қуатбаев) Балалардан әнді мұқият тыңдауын сұрап, әннің не туралы айтылғанын білу. Ән айту. «Шырша жыры» (А. Еспенбетова). Әннің мәтінін анық айтуға, әуенге қосылып, ырғақты сақтап, қимылдар жасап, әнді көңілді айтуға ұмтылу. Таныс «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) әнін еске түсіру. Қайталау. Билер. «Ақшақарлар биі» (А. Верстовский). Ойындар, хороводтар. «Сырнай мен даңғыра» (Д. Ботбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар орындарында отырады. Педагог әнді орындай тұрып, "Гу-гу-гу" буындарында сырнайды, "Даң-даң-даң" буындарында даңғыра ойнағандай қимыл көрсетеді. Балалар қайталайды. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Сағат». Әуенді бірнеше аспаппен қосылып, бір уақытта бастап, бірге аяқтауға үйрету. Екі бөлімнен тұратын түрлі сипаттағы әуенді ойнауға дағдыландыру.	Балалар музыкаға ілесіп шеңбер бойымен жүгіріп, музыка ауысқанда секіреді. Балалар қимылдар жасайды: қыздар қолдарына үлпілдек қарларды ұстап, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. Тоқтап, қолды біресе оңға, біресе солға бұлғап, орнында тұрып айналып, ортаға жиналып, қайталап қимылдар жасайды.  Балалар сағаттың тықылын еске түсіре отырып, сол ырғақпен аспапты ұрады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Педагог оқу қызметін қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау, бағалау.	Балалар қоштасып,шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:** **Біледі:** ән айтуға үлкен шеңберге тұра алады, шеңберді өз беттерінше жасай алады;**Игереді:** ырғақты сақтап қимылдар жасап әнді көңілді айтуды.

**Меңгереді;** қимылды музыкамен сәйкестендіреді, музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертеді, аспаптарды қолданады.

Әдіскер: 

Күні: 04.02.2021

### Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** . «Ғажайыптар әлемі» «Біздің оркестр»

**Мақсаты:** Шулы оркестрге қатысу; балалар музыкалық аспаптарын тану және атау дағдыларын бекіту. Балаларды музыканы сүйе білуге, тыңдай отырып сезіне білуге тәрбиелеу. **Қолданылатын көрнекі құралдар;** түрлі оркестрлардың суреттері, ұрмалы музыкалық аспаптар, нота хрестоматиясы. Билингвальді компонент: әуен – мелодия.

қу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларға «Қазақ маршы» (Е.Затаевич) әуеніне шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Шеңберден шықпай, тізбектеле жүруін, тұлғаларын түзу ұстап, бастарын көтеріп жүрулерін қадағалайды.	Балалар тізбектеле, шеңбер бойымен, әуен екіпінімен жүреді. Бастарын көтеріп, аяқтарын нық басады. Балалар шеңбер құрып тұрады.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Достарым, кел, билейік» (ағылшын халық әні, аударған А. Досмағанбет). Музыка тыңдау. «Ақсақ киік» (Құрманғазы). - Балалар, күй қандай аспаптың орындауында, қалай ойлайсыңдар? Ән айту. «Біздің оркестр» (Ж. Тұрсынбаев) Бірнеше аспаптың қосылып орындауын қалай атайды? Балаларға түрлі оркестрлердің суреттерін көрсетіп, оркестр туралы мәлімет беру. Оркестрдің түрлерімен таныстыру. Оркестрді басқарып тұратын кісіні дирижер деп атайды. Әнді зейін қойып тыңдап, мазмұнын әңгімелеп беру. - Бізде оркестр бар ма, қалай ойлайсыңдар? Әнді қатты айғайламай, бір-бірін тыңдап айтуға дағдыландыру. Таныс «Бақшаға келемін» (Ө. Байділдаев) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау. Билер. «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан). Ойындар, хороводтар. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Сылдырмақтар» (орыс халық әні). Музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау. Шулы оркестрге ұйымдастыру, балаларды музыкалық аспаптарды тануға баулу. Оркестрге дирижер тағайындау.	Суретке қарап, оркестр, дирижер туралы түсінік алады. Таныс аспаптарды атап, суреттен көрсетеді.  Күйді тыңдап, әсерленіп, көңіл күйлері көтеріледі.  Дауыс жаттығуын әндете, дауыстап айтуға талпынады. «Р» әрпін анық айтуға, дұрыс тыныс алуға тырысады. Көңілді әнге еліктеп, аспаптар атын бірге әндетеді.  Әннің мазмұнын түсініп, жеткізе білуге әрекеттенеді. Балалар ойынға белсене араласады. Әннің әуенін дәл келтіріп, аспаптарда ойнауды имитация арқылы көрсетеді.

<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгін қандай музыка тыңдадыңдар? - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?	Сұрақтарға толық жауап береді  Балалар қоштасып,шығып кетеді.
---------------------------------	---	---

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканың негізгі көңіл күйін бере отырып қимылдайды; әндерді орындайды

**Игереді:** әнді созып, сөздерін анық айтуды;

**Меңгереді:** аспаптарды таниды, ойнайды.

Әдіскер: *Аманжол*

Күні: 09.02.2021/11.02.2021

### Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

Тобы: «Раушан» ересек

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

**Тақырыбы:** . «Көліктер»**Мақсаты:**. Балалардың музыкаға деген ықыласын арттыру; әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру.

**Қолданылатын көрнекі құралдар;** Интербелсенді тақта, көліктер бейнеленген таңбалауыштар

қу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	– Балалар, бәріңде машина бар ма? Марат, сенің машинаң қандай? Міне, жарайсыңдар! Қазір, балалар, машина туралы тақпақты және қимылды қайталаймыз (психогимнастика): – Машинам "гүр" дейді (балалар қолдарымен "рульді" айналдырады), – Жүреміз "түр" дейді (балалар қолдарын алдына жаяды). – Оталса машина (балалар қолдарымен "рульді" айналдырады), – Моторы "дүр" дейді (балалар қол білезіктерін сыртқа айналдырады). Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды. Бәрекелді, балалар!	Балалар ән мәтініне сай қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Ән тыңдау: «Көліктер дауысы» Дауыс жаттығуы«Жоғары - төмен»Ән салу«Ұшағым» әні (әні: Т. Тайбековтікі). «Муз ырғақты қимыл: «Қуыршақпен билейміз» »" "Машина" ойыны. Педагог: – Балалар, бәріміз бірге "Машина" ойынын ойнайықшы!? Балаларды шеңбер бойымен орындықтарға отырғызып, машинаның қалай оталатынын, қалай жүретінін, қалай дыбыс шығаратынын балаларға көрсетеді. Балалар музыкалық жетекшімен бірге машинаның дыбысы мен қимылдарын қайталайды. Педагог 2-3 баладан тұрғызып, машинаның дыбысы мен. қимылдарын пысықтап сұрайды.	Балалар музыкаға ілесіп шеңбер бойымен жүгіріп, музыка ауысқанда секіреді.. Балалар қимылдар жасайды: қыздар қолдарына үлпілдек қарларды ұстап, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. Тоқтап, қолды біресе оңға, біресе солға бұлғап, орнында тұрып айналып, ортаға жиналып, қайталап қимылдар жасайды. Балалар сағаттың тықылын еске түсіре отырып, сол ырғақпен аспапты ұрады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Педагог оқу қызметін қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау, бағалау.	Балалар қоштасып,шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** ән айтуға үлкен шеңберге тұра алады, шеңберді өз беттерінше жасай алады;

**Игереді:** ырғақты сақтап қимылдар жасап әнді көңілді айтуды.

**Меңгереді;** қимылды музыкамен сәйкестендіреді, музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертеді, аспаптарды қолданады.

Әдіскер: 

Күні: 18.02.2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

Тобы: «Раушан» ересек

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Электроника әлемі

Мақсаты: Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. **Қолданылатын көрнекі құралдар;** қоңыраулар, ғарыш кереметтері бейнеленген таңбалауыштар.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	– Балалар, бәріміз үлкен, әдемі шеңбер жасап тұрайықшы! Міне, жарайсыңдар! Түнде аспанға қарасаң, ай мен жұлдыздарды көресің де ғарышқа саяхат жасағандай күй кешесің. Есік жақтан гүрілдеген ұшақтың дыбысы шығады.	Балалар ән мәтініне сай қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	<p>Педагог: – Балалар, ұшақтың дыбысы қайдан шығады? Мен барып көріп келейін, – деп есік жаққа кетеді. Педагог қолында үлкен қашықтықтан басқарылатын ойыншық ұшақты алып келеді. – Балалар, бізге ұшақ ұшып келіпті. Өзіміз дұрыстап қарап алайықшы? Педагог балалармен үлкен ұшақты мұқият қарап алады. – Балалар, ұшақ қай жерлерде ұшады? – Аспанда. – Жарайсыңдар, дұрыс айтасыңдар! Енді, әнді тыңдаймыз.. Ән тыңдау: «Айға ұшамын»</p> <p>Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды: – Әнде не туралы айтылады? – Ұшақ туралы. – Балалар, ұшақ туралы екенін қандай дыбыстардан ажыраттыңдар? Тамаша, балалар! Ән айту: «Мен космонавт боламын» (С. Мұхаммеджанов)</p> <p>Педагог балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау үшін "Ғарыштағы ғажайыптар" дидактикалық ойынын өткізеді. Ойын алдында педагог: – Балалар, бүгін біз ғарышқа байланысты ойын ойнаймыз. Алдымен ойынның ережесін мұқият тыңдап алыңдар. Содан кейін педагог ғарыш ғажайыптарына сай суреттерді (күн, ай, жұлдыз) және ғарышқа жатпайтын суреттерді (тау, ағаш, гүл) еденге тастап, ойын басталғанда балаларға суреттерді көрсетіп, соған қарап отырып, ғарышта</p>	<p>Балалар музыкаға ілесіп шеңбер бойымен жүгіріп, музыка ауысқанда секіреді..</p> <p>Балалар сағаттың тықылын еске түсіре отырып, сол ырғақпен аспапты ұрады.</p>

	қандай өзгерістер болатынын, соған лайық суреттерді табу керектігін айтады. Жақсы жауап берген балалар ғарыш суреті бар таңбалауышқа ие болады.	
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог оқу қызметінің аяғында балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау үшін сұрақтар қояды: – Балалар, ғарыш деген не? – Аспан. – Жарайсындар, балалар!	Балалар қоштасып, шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** ән айтуға үлкен шеңберге тұра алады, шеңберді өз беттерінше жасай алады;

**Игереді:** ырғақты сақтап қимылдар жасап әнді көңілді айтуды.

**Меңгереді;** қимылды музыкамен сәйкестендіреді, музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертеді, аспаптарды қолданады.

*Әдіскер: Асият Жамалова 9.*

Күні:.. 23.02.2021/25.02.2021

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы**

Тобы: «Раушан» ересек

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»

Мақсаты: халқымыздың қасиетті аспабы домбыра туралы мәлімет беріп, оны қадірлей білуге үйрету. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** домбыра аспабы, атрибуттар: түлкі, қаз, күшік, үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы. **Билингвальді компонент:** домбыра – домбра.

қу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар музыка залында: Бір, екі, үш, төрт, Аяқты нық басайық. Бір, екі, үш, төрт, Асулардан асайық, – деп әуенге ілесе аяқты нық басып ырғақты сезіне жүреді	Балалар ән мәтініне сай қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Піл мен күшік» (И. Арсеева) Музыканы тыңдай жүріп екеуінің жүрістерін салу, музыка ауысқанда дер кезінде жүрісті ауыстыру. Домбыра аспабын көрсету. Педагог балалармен «Домбыра туралы аңыз» атты тақырыпта әңгіме-сұхбат жүргізеді. - Домбыра туралы не білесіңдер? - Аңыздан не түсіндіңдер? - Қазақ халқы қасиетті домбыра деп қастерлеп айтады. Домбырадан көңілді де, көңілсіз де әуендерді естуге болады. Музыка тыңдау. «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев) - Әнде не туралы айтылады? - Музыка тыңдай отырып не елестеттіңдер? Мәтінін қайталап айтып, балаларға түсіндіру Домбыра – қазақ халқының ежелден келе жатқан көне аспаптарының бірі. Халқымыз өздерінің басынан өткерген жайларын осы домбырада күй арқылы жеткізіп отырған. Домбыраға қосылып ән айтуға да болады. Ән айту. «Домбыра» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова). Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, дауысты қалыпқа келтіріп, ережелерді еске түсіріп, әнді ынтамен үйрену. Таныс «Жаңбыр» (Ә. Телғозиев) әнін еске түсіру. Қайталау. Билер.«Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Биді әрі қарай жалғастыру. Аяқтың, қолдың, тізенің қимылдарын жеке-жеке қайталап, биді толық аяғына дейін билеу. Ойындар, хороводтар. «Түлкі мен қаздар» (К. Қуатбаев). Педагог ойын шартын	Бесік жырын тыңдайды. Бұл ән қай кезде айтылатынын ұғынуға тырысады.  Балалар әуеннің ырғағына сай әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде алақандарын шапалақтайды. Соңғы аккордтарда кешікпей отыра қалуға тырысады. Би қимылдарын бірге жасап үйренеді.

	түсіндіреді. Түлкі мен қаздар карама-қарсы тұрып әндерін қайталайды. Қаздар әнді орындап болған бойда түлкі қаздарды қуа жөнеледі. Сол кезде “Әуп-әуп” деп күшік түлкіні қуа жөнеледі. Күшіктен қорыққан түлкі қашып кетеді. Қаздарды ұстай алса, ұстаған қаздарын алып кетеді. Ойын 2-3 рет қайталанады.	
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнайды? Немен ұнады?	Балалар қоштасып, шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды; әндерді орындайды

**Игереді:** музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастауын;

**Меңгереді;** әнді созып, сөздерін анық айтады, аспаптарда ойнайды.

*Әдіскер: Асият Рамағалова 9.*



Күні: 04.03.2021

### Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

Тобы: «Раушан» ересек

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: . «Анашым»

Мақсаты: Педагогтің аспапта орындауындағы пьесаларды тыңдау дағдыларын қалыптастыру. Балаларға эстетикалық тәрбие беру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: аналар туралы, ананың еңбегі туралы суреттер, гүл, нота хрестоматиясы. Билингвальді компонент: ана – мама.

Оқу қызметінің кезендері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка залына вальс ырғағымен кіріп, жұптасып қимылдар жасау. Қыздарға ілтипат көрсету, орындықтарына отырғызу.	
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Биге шақыру» (И. Штраус). Педагог бір баланы ортаға шығарып, өзіне сыңар іздетеді. Балаларға интерактивті тақтадан аналар туралы, олардың балаларға жасайтын қамқорлығы туралы суреттер көрсетіп, аналарды әрдайым құрметтеу керек екенін түсіндіру. Музыка тыңдау. «Айжан қыз» (Құрманғазы). Әнде не туралы айтылып отырғанын балалардан сұрау. Мәтінін түсініп, мазмұнын айта білуге талпындыру. Ән айту. «Менің анам» (А. Досмағанбет). Балалар, аналарымыздың мерекесі жылдың қай мезгілінде келеді? Аналардың мерекесіне әркім әлінің келгенінше сыйлық әзірлейді, сендердің сыйлықтарың анаға арнап үйренген әндерің. Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларды қайталап, қосылып айтуға үйретеді, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды, дыбыстаудың бірдей күшімен ән айтуды. Таным «Көктем» (К. Қуатбаев) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау. Билер. «Шығыршықпен билеу» – хорват халық әуені. Ойындар, хороводтар. «Гүл сыйлау» («Балалар полькасы» М. Глинка). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Екі жұп ортада вальс билеп	Музыка әуенімен алдымен алшақтап жүріп, сыңарын тапқасын екеуі бірге айналып билейді, музыка аяқталғасын екеуі өздеріне жұп іздейді. Сөйтіп, барлық топ биге шығады.  Балалар шығыршықты ұстап, шеңбермен аяқтың ұшымен жүгіреді, оны жоғары көтеріп, оңға созылып, шығыршықты оң жаққа көтереді, сол жаққа созылып, шығыршықты солға көтереді, орнында тұрып айналады. Жұптасып бірге айналады.

	жүреді, гүл біреу ғана. Музыка аяқталғанда кім бұрын гүлге жетеді, сол қызға тізерлеп отырып гүл сыйлайды. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Аспан мен жер арасы» (Т. Тютюнникова). Шулы аспаптарда ересектер ойнап, балалар тыңдайды, үйренеді.	
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог оқу қызметін қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау, бағалау.	Балалар қоштасып,шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әуені бойынша әндерді таниды, олардың мазмұны туралы баяндайды; әндерді орындайды.

**Игереді:** музыканың ырғағын дәл беруді;

**Менгереді;** үппен би қимылдарын орындайды, пьесаларды тыңдайды, қайталайды.

*Әдіскер: Аманжол*

Күні: 09.03.2021/11.03.2021

### Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** Ертегілер Елінде. Театр әлемі.

**Мақсаты:** . қуыршақ театры арқылы балаларды шығармашылыққа баулу әуен сипатын ажыратып қимылдауға ән айтуға дағдыландыру **Қолданылатын көрнекі**

**құралдар:**«Бауырсақ»,ертегісінің көрінісі,

үйшк бауырсақ ата әже қасқыр қоян аю түлкі ойыншықтары.

қу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Балалар музыка залына «Марш» (Е. Андосов) әуенімен аяқты нық басып кіріп, шеңбер бойымен жүреді, жеңіл жүгіреді	Балалар музыка залына үлкен қуанышпен келеді. Амандасып , орындарына орналасады.
<b>Ұйымдастырушылық – ізденістік</b>	Сәлеметсіңдер ме, балалар !Зал безендірілген Илигай Әуенімен балаларды қарсы алу Бауырсақтың суретін немесе қуыршағын көрсетіп көңіл көтеруге шақырады Мен көңілді Бауырсақ Кел ойнайық қуыспақ Қуаласпақ ойнайды Жүгіреміз Г Фрид әуенімен жеңіл жүгіредіБалалар отырады Бізді Бауырсақ өзімен бірге ертегілер еліне қонаққа алып бармақшы Бірге барамыз ба балалар Ендеше ол туралы әнді мұқият тыңдаңдар Кім бауырсақты пісіріпті Ертегімізді бастайық Ерте ерте ертеде Ешкі жүні бөртеде Ата мен әже болыпты Ұзақ өмір сүріпті Ата Кемпірім маған бауырсақ пісіріп берші Әже Жарайды Міне пісті бауырсақ Ыстық дәмді бауырсақ Суытып мен алайын Мынау жерге қояйын терезенің алдына қойып кетеді Балалар енді Бауырсақ не істейді Қалай жүгіреді Бізде жүгірейікші -Алдынан не шығады Қасқыр Д Ботбаев Сөзі А Асылбек ойыншық қасқыр шығады Бауырсақ бауырсақ мен сені жеймін Бауырсақ пен балалар жоқ жей алмайсың қашады қасқыр қуып жете алмайды басқаларымен де кездесіп балалар Бауырсаққа көмектесіп бірге көңілді ойнайды Аю Түлкі -Балалар абайлаңдар Қу түлкіге	Балалардың эмоциялары өзгереді, қуанады. Қуаныштарын білдіреді.  Әнді айтуға таласып жатыр.  Балалар әнді қосылып орындауға тырысады.  Балалар ән мәтініне сай қимылдар жасайды.

	<p>алданып қалмаңдар Бауырсақ қу түлкі мен сенен қорықпаймын Маған достарым көмектеседі Балалар бауыраққа көмектескендерің жақсы болыд жарайсыңдар Түлкі Балалар мені кешіріңдерші мен енді Бауырсаққа тиіспеймін</p> <p>-балалар не істейміз Түлкіні кешіреміз бе</p> <p>Бәріміз бірге достық биін билейік</p> <p>Полька биі орындалады Б Сметана</p> <p>Бауырсақты атасы мен апасы күтіп қалған шығар балалар оны үйіне жеткізіп салайық. Балалар қол ұстасып шеңбер бойымен жүреді.</p> <p>.Бауырсақты көріп тамсана қарайды.</p> <p>Жеңіл жүгіреді .Балалар келіседі</p> <p>Ән тыңдайды. «Ертегілер» Әже пісіреді деп жауап береді.Ертегіні тыңдап қызығады</p> <p>Қуыршақтарды көріп көңілденеді</p> <p>Домалап кетеді қашып кетеді жүгіріп кетеді деп жауап береді</p> <p>Қасқырдың аюдың қимылдарын көрсетеді жүреді</p> <p>Түлкіні көріп Бауырсақты қорғамақ болады</p> <p>Оны қуып жбермекші болады.Иә кешіреміз</p> <p>Екі екіден қол ұстасып айналады</p>	
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Бүгінгі оқу қызметінде не туралы әңгімеледік? Не ұнады?	<i>Қуана қоштасып шығады.</i>

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды; әндерді орындайды

**Игереді:** музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастауын;

**Меңгереді;** әнді созып, сөздерін анық айтады, аспаптарда ойнайды.

*Әдіскер: Асият Рахметова 9*

Күні: 18.03.2021

### Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Өнер көзі халықта»

**Мақсаты:** Балаларды мерекені көңілді музыка арқылы сезіне білуге ұмтылдыру.

Мерекенің мәнін ұғындыру, татулыққа, бірлікке тәрбиелеу.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** мерекелік дастарқан, ұлттық тағамдар, шулы аспаптар, нота хрестоматиясы. Билингвальді компонент: мереке – праздник.

қу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
<b>Мотивациялы қ-қозғаушылық</b>	Балалар «Наурыз - думан» (ұнтаспада Р. Рымбаеваның орындауында) әнімен көңілді көңіл күймен музыка залына кіреді.	Балалар ән мәтініне сай қимылдар жасайды.
<b>Ұйымдастырушылық – ізденістік</b>	Әуен ойналып, қонаққа Ақ әже келеді. Қолында бауырсағы, екінші қолында наурызкөжесі. Балалармен амандасып, наурыз туралы әңгіме өткізеді. Халқымыздың төл мерекесі – наурыз күн мен түннің теңелуі, жердің жаңаруымен байланысты екенін түсіндіреді. Бұл мерекеде ұлттық тағамдармен қатар наурызкөже дайындалады. Жеті тағамнан тұратын бұл тағамның құрамын айтып, көжеден дәм татуларын сұрайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Пойыз» (М. Старокадомский). Музыка тыңдау. «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай). Шығарманы соңына дейін тыңдау, музыканың сипатын анықтау, өз әсерлері туралы әңгімелеу. Ән айту. «Наурыз» (Б. Есдәулетов). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді, Таныс «Менің анам» (А. Досмағанбет) әнін еске түсіру. Қайталау. Ойындар, хороводтар. «Арқан тартыс» – қазақтың ұлттық ойыны. Педагог ойын шартын түсіндіреді. Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып алып кетсе, сол топ жеңіске жетеді. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Аспан мен жер арасы» (Т. Тютюнникова). Шулы аспаптарда ересектер ойнап, балалар тыңдайды, үйренеді.	Балалар бір-бірімен тіркесіп, пойыз секілді тұрады да, алдыңғы бала паровоз секілді бастап, музыкамен жылжиды.  Балалар әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, дауысқа күш салмай, әннің сөздері мен дыбыстарын таза және анық айтуға дағдыландыру.

<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог қорытынды жасайды. Ақ әже балаларға бата беріп, тілек айтып, шығып кетеді	Балалар қоштасып, шығып кетеді.
---------------------------------	---	---------------------------------

**Күтілетін нәтиже: Біледі:** музыканың сипатын анықтайды, өз әсері туралы әңгімелейді, әндерді орындайды

**Игереді:** әнді бірге бастап, бірге аяқтауды;

**Меңгереді;** музыкалық шулы аспаптарда ойнайды, би қозғалыстарын музыкаға сәйкес жасайды.

*Әдіскер: Асият Жампаева 9*

Күні:30.03.2021

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы**

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Нұр төккен,гул көктем»

**Мақсаты:** Музыка тыңдай отырып, күйдің көңіл күйін сезіне білуге баулу.

**Қолданылатын көрнекі құралдар;** Қолданылатын көрнекі құралдар: Құрманғазының суреті,интерактивті тақтадан наурыз мерекесінен көрініс, нота хрестоматиясы.

Билингвальді компонент: көңілді –веселый.

қу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Сарыарқа» күйі (Құрманғазы)	ұлдар атқа шапқан кейіп танытып, қыздар қолдарын бұрап, «Қамажай» биінің элементімен залға кіреді.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	<p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Полька» (Л. Лядова) Интерактивті тақтадан Наурыз мерекесінен көрініс көрсету. Наурыз мерекесі туралы әңгіме жүргізу. Бұл мерекеде халқымыз бір-біріне деген өкпеназын ұмытып, құшақтасып қауышады. Бір-бірінің үйіне кіріп, адал астан ауыз тиеді. Қыстан аман-есен шыққан халық күн мен түннің теңелген күні дастарқан жасап, оған құрт, жент, бауырсақ, қойып, наурызкөже пісіреді. Музыка тыңдау. «Сарыарқа» (Құрманғазы). Балаларға Құрманғазының суретін көрсетіп, қысқаша өмірбаянын айту.</p> <p>- Балалар, күйдің көңіл күйі қандай? - Күй қалай орындалды, тез бе әлде баяу ма? - Күйден мерекенің дабыры сезіле ме? Ән айту. «Наурыз тойы» (А.Тани). Балалардан әннің мазмұнын сұрау, мереке кезінде болатын қызықтарды әңгімелеу, ән көңілді, ойнақы орындалады. Таныс «Наурыз» (Б. Есдаулетов) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау. Билер. Қазақ биі «Жалқаубек» (ұнтаспада Р. Рымбаеваның орындауында). Ойындар, хороводтар. «Қыз қуу» («Адай» күйі Құрманғазы, ұнтаспада). Ұлттық ойынды дәріптеу, қызығушылықтарын арттыру. Ептілікке, ойынға белсене қатысуға үйрету. Ойын шартын мұқият түсіндіреді. Балалар арасынан бір ер бала бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса, ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын</p>	<p>. Балалар жұптасып қарама-қарсы тұрады. Аяқтарын өкшеге кезек-кезек қояды. Қолдарын ұстасып айналады, қолдарын шапалақтайды. Балалар қимылдар жасайды: жұптасып шеңбер бойымен жүгіреді, тоқтайды. Қол ұстасып, тізені көтеріп жеңіл айналады. Қолдарын ары-бері шайқап тұрады. Ұлдар өкпелеп, басын төмен түсіреді, қолдарын артта ұстайды. Қыздар сұқ саусағын шошайтып, ұрысқан кейіп танытады. Ұлдар тізерлеп отырады, қыздар ұлдарды айналып жүгіреді. Ұлдар орындарынан тұрып, ортаға жиналып, қолдарын бір-бірінің иықтарына салып тұрады.Қыздар ұлдарды белдеріне ұстап тартады да, қол ұстасып айналады.</p>

	ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Еркем-ай» – халық әні. Балалар аспаптарда ойнайды.	
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Сендер ата-әжелеріңе еріп Наурыз мерекесіне бардыңдар ма? - Қандай қызықты оқиғалар естеріңде қалды?	Балалар қоштасып,шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:** **Біледі:** әндерді орындайды, бір мезгілде бастап және аяқтайды, әнді сахналайды, қимылдарды музыкаға сәйкес жасайды.

**Игереді:** әндердің мазмұнын;

**Меңгереді;** шығармаларды соңына дейін тыңдайды, аспаптарда орындайды..

*Әдіскер: Асият Жантөле*



Күні:01.04.2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

Тобы: «Раушан» ересек

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Аялайық гүлдерді

Мақсаты: Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне үйрету; Қолданылатын көрнекі құралдар; Интербелсенді тақта, гүл тағынған қуыршақ қыз, музыкалық құрал-жабдықтар, дидактикалық ойынға арналған суреттер, гүл бейнеленген таңбалауыштар, даңғаралар (бубендер)...

оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	– Балалар, бәріміз ортаға шығып, "Гүлдер" әуеніне вальс адымдарын жасаймыз. Кәне, балалар, біріміздің артымыздан біріміз тұрып, бәріміз қайталаймыз. Денемізді бос ұстап, қолдарымызды гүлдер сияқты жайқалтып, менімен бірге қимылдарға қосыламыз. Оқу қызметі басталар алдында музыкалық жетекші: – Балалар, күлімдеп көктем де келді. Табиғат гүлге оранды. Ал, сендер гүлдерді жақсы көресіңдер ме? Иә, балалар, гүлді барлық адамдар жақсы көреді. Жарайсыңдар, балалар! Гүл не үшін керек деп ойлайсыңдар, балалар? Әдемілік үшін, адамдарға сыйға тарту үшін. Дұрыс айтасыңдар, балалар! Гүлдерді жұлуға болмайды, оларды аялап күту керек, – деп балалармен оқу қызметін өткізіп жатқанда есік қағылады. Педагог: – Кім болды екен, балалар, мен барып келейін, – деп есік жаққа кетеді. Көп кешікпей қолында әдемі гүлден өрілген бас киімі бар қуыршақ қызды алып кіреді:	Балалар музыка залына үлкен қуанышпен келеді.  Амандасып, орындарына орналасады.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Осылайша педагогтің көмегімен 2-3 айналым жасайды. Тыңдау: «Табиғатым» (Рахат. Абрахим)  Дауыс жаттығуы: «Нота дыбыстары»  Ән айту: «Әрқашан күн сөнбесін» (Л. Ошанин, А Островский ауд. Мәмбетов)  Музыкалық ырғақты қимыл: «Көңілді би» дидактикалық ойын :Үш гүл	Гүлдер" әуенімен денелерін тік ұстап, шеңберді айнала жүріп, вальс сипатындағы ырғақты қимылдар жасайды. Орындарында тұрып, педагогтің көрсетуімен екі аяқтарын кезек-кезек алмастырып, орындарында тұрып айналады, қайтадан залды айналып шеңбер бойымен жүріп, орындарында тұрып, вальс элементтерін көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	– Ал, гүлдер қандай болады, балалар? Әдемі, нәзік, хош иісті болады. – Бәрекелді, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік	Балалар қоштасып, шығып кетеді.

	көрсеттіңдер, рақмет! Сау болыңдар!	
--	-------------------------------------	--

**Күтілетін нәтиже:** **Біледі:** әндерді орындайды, бір мезгілде бастап және аяқтайды, әнді сахналайды, қимылдарды музыкаға сәйкес жасайды.

**Игереді:** әндердің мазмұнын;

**Меңгереді;** шығармаларды соңына дейін тыңдайды, аспаптарда орындайды..

*Әріскер: Аманжол*

Күні:05.04.2021/08.04.2021

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы**

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** Ас атасы - нан

**Мақсаты:** Нанды қастерлеуге, ас атасы – нан екенін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екенін,нанның дастарханға қалай келетінін айтып оған көптеген адамдар еңбек ететінін түсіндіру.Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру. Әнді тыңдап, әннің ырғағын айыру.**Қолданылатын көрнекі құралдар;** Интербелсенді тақта, арнайы тапсырыспен пісірілген үлкен нан, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, торттар бейнеленген таңбалауыштар.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Балалар музыка залына аттың шабысына салып, аттың жүрісімен келеді. Шеңбер бойымен шапқылап, тоқтайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Полька Янка» – беларусь халық әуені, өңдеген Т. Попатенко.	Балалар музыка залына үлкен қуанышпен келеді. Балалар қол ұстасып, бір-біріне қарама қарсы тұрады. 1-8 такт. Балалар аяқтың ұшын, өкшесін, кезек-кезек қояды да, үш рет тоқылдатады.  Амандасып , орындарына орналасады.
<b>Ұйымдастырушылық – ізденістік</b>	– Балалар, нанды бәріміз жақсы көреміз. Нанның қандай қасиеті бар, балалар? "Дастарқан көркі – нан!", "Нан болса, ән де болады" деген сөздер бекер айтылмаған, балалар. Жарайсындар, балалар, бәріміз шеңбер бойымен тұрамыз. Бәрекелді! Енді, менімен бірге тақпақты және қимылды қайталаймыз: – Қасиетті нан (балалар қолдарын жанына жаяды), – Ас атасы – нан (балалар қолдарын жоғары көтереді). – Дастарқанның төрінің (балалар қол білезіктерін айналдырады), – Көркі болған нан (балалар қолдарын жоғары көтереді). Ән тыңдау:«Ақ бидай»  Дауыс жаттығуы:«Баспалдақ»  Ән салу:«Бауырсақ» Ә.Бейсеуов.  Би:«Жұптасу биі» Муз ырғақты қимыл: «Бәліш пісірейік»	Балалар әнді айта жүріп, шеңберге тұрып, қимылдар жасайды.  Балалар би қимылдарын жасайды.  Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.

<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог балалардың бүгінгі білімін бекіту мақсатында: – Балалар, нанның дәмі қандай? Керемет! – Нанның дәмі, Бидайдың дәні! Нанның дәмі, Еңбектің сәні Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.	Балалар қоштасып,шығып кетеді.
---------------------------------	---	--------------------------------

**Күтілетін нәтиже:** Біледі: әндерді орындайды, бір мезгілде бастап және аяқтайды, әнді сахналайды, қимылдарды музыкаға сәйкес жасайды. **Игереді:** әндердің мазмұнын; **Меңгереді;** шығармаларды соңына дейін тыңдайды, аспаптарда орындайды..

Әдіскер: *Аманжол*

Күні: 15.04.2021

### Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы

Тобы: «Раушан» ересек

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы: «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»

Мақсаты: Көбелек туралы түсінік беру. Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылықтарын дамыту. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету. **Қолданылатын көрнекі құралдар;** Бақшадағы гүлдерге ұшып-қонып жүрген көбелектердің суреті, ұнтаспа..

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жетекші музыка ырғағы бойынша балалармен амандасады. Әуен ойналып, көбелек ұшып келіп, балалармен амандасады. Көбелек балаларға өздерінің қонып жүрген күлтелерінің бөліктеніп бөлініп, қалғанын айтады, егерде балалар көбелектердің алып келген тапсырмаларын орындаса гүлдердің қайта қалпына келетінін айтады. -Балалар көбелекке көмек беремізбе?	Балалар музыка жетекшісімен амандасады. Көбелекпен амандасады.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Музыка тындау: «Ақ көбелек» (Тұрсынжан Шапай) Қатты, ақырын дыбыстар ойыны шығарма ойналады. Дауыс жаттығуы: «До, ре, ми» жаттығуын айтып, дауыстарын жаттықтырады. Балаларға бақшадағы гүлдерге ұшып-қонып жүрген көбелектердің суреті көрсетіледі. Ән айту: «Көбелек» (К. Қуатбаев Ж. Смақов) «Көбелектерді салыстыр» Балалар көбелектер суретін салады. Көбелектердің суретін неше түрлі етіп салып, суреттерді түсі, пішініне қарай салыстырады. «Әуенді-ырғақты қимыл» «Көбелек» әуеніне Дауыстарын жаттықтырады. «Баспалдақ»	Балалар оның қатты, ақырын, орташа дыбыстарын анықтайды. Көбелек болып, ұшып-қонып, гүлдермен қимылдар жасайды. Балалар көбелектердің барлық тапсырмаларын орындап, гүлдерді қалпына келтіреді. Балалар көбелекке көмек беретіндерін айтады. Қатты, ақырын дыбыстарды ажыратады. Балалар суретті тамашалап, әңгімелейді. Әнді жаттап үйренеді. Көбелек суретін салады. Әуенді-ырғақты қимылдар жасайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Бүгінгі оқу қызметінде не туралы әңгімеледік? Не ұнады?	Балалар қоштасып, шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже: **Біледі:** Көбелектің қимыл қозғалысын. **Игереді:** Әнді сауатты орындауды. **Меңгереді;** Ән арқылы көңіл күйді сезініп, шаттана білуді.

Әдіскер: *Аманжол*

Күні: 20.04.2021/2204.2021

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы**

**Тобы** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** Еңбек бәрін жеңбек «Жайлаудағы төлдер»

**Мақсаты:** Ән арқылы әр төлдің мінез-құлқын ажырата білуге үйрету.

**Қолданылатын көрнекі құралдар;** үй жануарлары және төлдерінің суреттері, жануарлардың атрибуттары, ұрмалы аспаптар, нота хрестоматиясы. Билингвальді компонент: үй жануарлары – домашние животные.

қу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка залына көңілді музыка әуенімен бірінен соң бірі тізіліп, нық қадаммен келеді. Шеңбер бойымен жүреді, жеңіл жүгіреді. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Марш» (Е. Тиличеева). Балалар шеңбер бойымен аяқты нық басып, басты тік ұстап, әуенге ілесіп жүреді	Балалар музыка жетекшісімен амандасады. Көбелекпен амандасады.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Педагог балаларға үй жануарлары және төлдерінің суреттерін көрсетіп, үй жануарларымен таныстырады. Олардың аттарын атап, жануарлардың баласын төлі деп, анасын енесі деп атайтынын түсіндіру. Жылқының төлі – құлын, сиырдың төлі – бұзау, қойдың төлі – қозы екенін түсіндіру. Музыка тыңдау. «Боталардың желісі» (Е. Хасанғалиев). Музыка тыңдап, балалар сипатын ажыратады. Ән айту. «Төлдер» (Д. Ботбаев). Әнді тыңдап, мазмұнын сипаттап, әңгімелеу. Таныс «Наурыз тойы» (А. Тани) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау. Билер. «Жалқаубек» (үнтаспада Р. Рымбаеваның орындауында). Ойындар, хоровод. «Төлдерін ажырат» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар жануарлардың атрибуттарын киіп, сол төлдердің дыбысталуын, жүрістерін салады. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. Белгілі бір әуенге салып, ұрмалы аспаптармен ырғақты сақтап қосылу.	Музыка тыңдап, балалар сипатын ажыратады. Әр төлге берілген суреттеуді ән айту кезінде көрсете біледі, мінезіне сай дауысты құбылтып айтады. Балалар қимылдар жасайды: жұптасып шеңбер бойымен жүгіреді. тоқтайды. Қол ұстасып, тізені көтеріп жеңіл айналады. Қолдарын ары-бері шайқап тұрады. Ұлдар өкпелеп, басын төмен түсіреді, қолдарын артта ұстайды. Қыздар сұқ саусағын шошайтып, ұрысқан кейіп танытады. Ұлдар тізерлеп отырады, қыздар ұлдарды айналып жүгіреді. Қыздар ұлдарды белдерінен ұстап тартады да, қол ұстасып айналады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?	Балалар қоштасып, шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:** Біледі: шығармаларды тыңдайды, сипаттайды, әндерді орындайды;

**Игереді:** әр төлдің мінез-құлқының ерекшелігі, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту;**Меңгереді;** музыканың көңіл күйін бере отырып, қимылдайды

Әдіскер: *Аманжол*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы**

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі :** Музыка

**Тақырыбы:** Достық –біздің тірегіміз

**Мақсаты:** Балаларды музыка арқылы сезімталдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.

Балаларды достыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу. ойнайды. **Қолданылатын көрнекі**

**құралдар:** түрлі ұлт балаларының суреттері, үлкен және кіші қоңыраулар, нота

хрестоматиясы. **Билингвальді компонент:** достық – дружба

қу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
<p align="center"><b>Мотивациялық-қозғаушылық</b></p>	<p>Балалар музыка залына көңілді әуенмен кіріп, би элементтерінен үзінділер орындайды.</p>	<p>Әуенге ілесіп балалар шеңбер бойымен жүреді, аяқты нық басып, тізені көтеріп жүруге тырысады.</p>
<p align="center"><b>Ұйымдастырушылық – ізденістік</b></p>	<p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Биге шақыру» (И. Штраус) Педагог балаларға түрлі ұлт балаларының суретін көрсетеді. Достық туралы балалармен сұхбат жүргізу. «Дос» деген сөзді қалай түсінетіндерін сұрау. - Сендердің достарың бар ма? Достармен әрқашан тату болу керек, сөз таластырмау керек. Музыка тыңдау. «Жайдарман» (қазақтың халық әуені, К. Қуатбаев). - Әннің көңіл күйі қандай? - Бұл музыкаға қосылып ән айтуға, би билеуге болады. - Ән сендерге ұнады ма? Ән айту. «Ағайынбыз бәріміз» (М. Әубәкіров). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. - Ортақ болсын асқар тау, Болсын су мен жер де ортақ, - деп неліктен айтылған? - Бәріміз тату дос болсақ, су да, жер де бәрімізге жетеді, бақытты өмір сүреміз. Таныс «Тату доспыз бәріміз» (Е. Меңдешев). Билер. «Айгөлек» (қазақ биі, өңдеген Е. Лапин) Балаларға қазақ би элементтерін үйрету, қолдың басын буыннан айналдыра білуге жаттықтыру. Ойындар, хороводтар. «Қоңыраумен ойын» Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы: «Көңілді сазсырнай» (М. Красев). Балаларды сазсырнай аспабымен</p>	<p>Алдымен бір бала ортаға шығып қимылдар жасап, музыка аяқталғанда бір баланы биге шақырады.</p> <p>Екеуі тағы екеуін шақырып, осылайша бәрі биге шығады.</p> <p>Балалар, әнді жеке және хормен орындайды,</p> <p>Балалар үлкен-кіші қоңыраулардың дыбысын ажыратып үйренеді.</p> <p>Балалар аспаптарда ойнайды.</p>

	таныстырып, әуенге қосылып, ырғаққа ілесіп ойнай білуге ұмтылдыру. Балалар аспаптарда ойнайды.	
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?	Балалар қоштасып,шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканың сипатына сәйкес қимылдарды өздігінен ауыстыра отырып орындайды; әндерді орындайды.

**Игереді:** әнді бірге бастап, бірге аяқтауды

**Меңгереді;** музыкалық шығармалардың сипатын анықтайды; аспаптарда ойнайды.

*Әдіскер: Асият Жантөле*



Күні:04.05.2021/06.05.2021

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы**

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Мен Отанды қорғаймын»

**Мақсаты:** Балалардың патриоттық сезімін ояту, музыканың сипаттарын ажырата білуге дағдыландыру. Әнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге

дағдыландыру. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** Интербелсенді тақта, әскери киім киген қуыршақ қыз, музыкалық құралжабдықтар, дидактикалық ойынға арналған суреттер, дауылпаз бейнеленген таңбалауыштар, шарлар, дауылпаздар.

<b>Оқу қызметінің кезеңдері</b>	<b>Музыка жетекшісінің қызметі</b>	<b>Балалардың әрекеті</b>
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	. Балалар жарты шеңберге отырады. Педагог интербелсенді тақтадан отшашудың бейнежазбасын көрсетеді. Видео - салют - Балалар, сендер білесіңдер ме неге отшашу аспанымызда жарқырап жатқанын? - Иә, жарайсыңдар, мерекеге. ардагерлерімізге арнап. - Қандай мереке? - Дұрыс айтасыңдар, Жеңіс күніне. - Ардагерлер деген кімдер? – Ардагерлер соғысқа қатысқан адамдар. Дұрыс айтасыңдар, балалар! Бәріміз үшін Жеңістің маңызы өте зор. Жыл сайын біздің ардагерлеріміз де сиреп бара жатыр, сондықтан, балалар, қазір бәріміз әр Жеңіс күнін мейрам деп қабылдап, көңілді бір музыка тыңдап көрейікші! «Ел қорғауға әзірміз»(К. Қуатбаев, М. Әлімбаев)	Әуенге ілесіп балалар шеңбер бойымен жүреді, аяқты нық басып, тізені көтеріп жүруге тырысады. Балалар төменнен жоғары қарай шапалақтайды, 2-3 рет қайталайды.
<b>Ұйымдастырушылық – ізденістік</b>	Мен осы ортаға ұлдарды шақырамын, ұлдарымыз өскенде Отан қорғаушылар болады. - 7 мамыр қандай мереке? - Иә, дұрыс айтасыңдар, Отан қорғаушылар мерекесі. Бідің елімізді Балалар, дауылпаз әскери аспап ретінде маңызды орын алады. Дауылпаздың дабылы талай қуанышты хабарларды жеткізіп отырған. Жеңіс күнінде де дауылпаз ойнайды. Балалар, қазір бәріміз «Жеңіс күнін тойлаймыз» әнін айтып көрейікші!!М. Бекеновтің «Джигитовка» қазақ ұлттық әуені желісіндегі музыкалықырғақты шабандоздар қимылдары. Денемізді бос ұстап, менімен бірге қимылдарға қосыламыз. «Сарбаздар сазы» (Қ. Ілиясов)әуенімен денелерін тік ұстап, шеңберді айнала жүріп, кең және жеңіл адымдағы ырғақты қимылдар жасайды. Орындарында тұрып, педагогтің көрсетуімен екі аяқтарын кезек-кезек алмастырып,	Алдымен бір бала ортаға шығып қимылдар жасап, музыка аяқталғанда бір баланы биге шақырады.  Екеуі тағы екеуін шақырып, осылайша бәрі биге шығады. Балалар, әнді жеке және хормен орындайды,  Балалар үлкен-кіші қоңыраулардың дыбысын ажыратып үйренеді.

	орындарында тұрып адымдайды, қайтадан залды айналып шеңбер бойымен жүріп, орындарында тұрып, кең адыммен жорғалап жүру элементтерін көрсетеді.	Балалар аспаптарда ойнайды.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Педагог оқу қызметінің аяғында қорытындылайды. – Балалар, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? – "Жеңіс күнін тойлаймыз" әнін. – Балалар, жақында қандай мереке келе жатыр? Отан қорғаушылар күні екен, жарайсындар, балалар! – Тағы қандай мереке келе жатыр? – Ұлы Жеңіс күні. – Керемет, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар!	Балалар қоштасып, шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:** **Біледі:** музыканың сипатына сәйкес қимылдарды өздігінен ауыстыра отырып орындайды; әндерді орындайды. **Игереді:** әнді бірге бастап, бірге аяқтауды **Меңгереді;** музыкалық шығармалардың сипатын анықтайды; аспаптарда ойнайды.

Әдіскер: *Асият Рамағалова*

Күні: 11.05.2021

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы**

**Тобы: «Раушан» ересек**

**Білім беру саласы: Шығармашылық**

**Бөлімі: Музыка**

**Тақырыбы: Мен жасай аламын «Атамның киіз үйі»**

**Мақсаты:** Өуенді соңына дейін тыңдауға, таныс өуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. Киіз үй туралы түсінік беру, домбыра аспабымен таныстыру, ерекшеліктерін ұғындыру.

**Көрнекілік:** жайлаудың, киіз үйдің суреттері, домбыра аспабы.

**Сөздік жұмыс:** киіз үй, домбыра, күй.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Жетекші балаларды қарсы алып, « <b>Марш</b> » (Л.Хамиди) өуеніне жүруді ұсынады. Балаларға жайлаудың суретін көрсетіп, « <b>Жайлау таңы</b> » (Л.Хамиди) өуенін тыңдатады. Балалармен «Жайлауда» атты әңгіме-сұхбат жүргізеді. - Жайлауда не көрдің? - Жайлау қайда болады	Өуеннің сипатын беруге тырысып, тізелерін көтере, нықбасып жүреді. Жайлау туралы әңгімеге қосылып, сұрақтарға жауап береді, қызығушылықтары артады.
<b>Ұйымдастырушылық – ізденістік</b>	- Міне, атамның киіз үйіне де келдік. Қарандаршы, қандай әдемі! (Суреттен немесе слайдтан көрсету.) Залға ата киімін киген педагог кіреді. - Амансыңдар ма, қарақтарым! Жоғарышығыңдар! Балалардан жайғасып отыруларын сұрайды. Педагог: «Киіз үйде не бар екен, көрейікші», - деп үйдің ішкі жабдығы бейнеленген суретті көрсетеді. Киіз үйдің жабдықтарын, жиһаздарын көрсетіп, атап айтуларын сұрайды (сандық, бесік, үстел, сырмақ, қамшы, көрпе, - Ал мына төрде ілулі тұрған біздің ұлттық аспабымыз - домбыра. Бұл аспап кімнің үйінде бар? Дауысы бар, үні жоқ, Шертсең күйі, әні көп, Құлағын аз бұра, Бұл не? Домбыраның сүйемелдеуімен әнайтады, күй ойнайды. Домбыра ағаштан жасалады. Екі құлағы, ұзын мойны, шертіп ойнайтын ішегі бар, - деп мағлұмат береді. Оң қолым ішекті қағады, Сол қолым пернені табады. Халық күйі «Кеңесті орындап береді немесе сұнтаспадан тыңдатады. - Домбыраның даусы қандай? Домбырада қалай ойнайды? Балалардан қимылмен көрсетуді сұрайды (имитация әдісімен). <b>Ән: «Домбырасазы»</b> (И. Нүсіпбаев, Х. Талғаров). Балалардың мұқият тыңдауын сұрайды. Сұрақтар қойып, шығарма туралы әңгімелейді.	. Құлыншаққа отырып», шаттана шауып, шеңбер бойымен жүреді. Екі қолдың жұдырығын түйіп, үзеңгіден ұстаған болып, қолдарын алғасозады. Тізені серпе көтеріп, жеңіл жүгіреді. Атамен амандасып, кілемге жайғасып отырады. Киіз үй ішіндегі жиһаздарды, заттарды көріп, атап айтуға тырысады. Домбыра туралы естіп, білгендерін әңгімелейді. Жұмбаққа ойланып жауап береді, шешуін табады. Балалар домбыра үнін естіп, елеңдейді.

	<p>- Әннің сипаты қандай?(жігерлі, ашық, т.б)  - Сендерге ән ұнады ма?<b>Ойын ойнайық:</b>  <b>«Киізүй».</b>  Музыка жетекшісі балаларды ойынғашақырады.  Дөңгелене тұрайық  Киіз үйді құрайық, -деп ойынның мәтінін сәйкес қимылдарды көрсетіп, бақылайды.</p>	
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	<p>- Атамызға рақмет айтып қоштасайық.- Атаның киіз үйі қандай екен?  Балаларды құлыншақшабысымен топтарына шығарып салады.</p>	Балалар қоштасып, шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже; Біледі:** әуенді соңына дейін тыңдауды, нақышына келтіре айтуды, таныс әуендерді ажыратуды. **Игереді:** музыканы тыңдап, домбыра аспабымен танысады. **Меңгереді:** домбыра аспабының үнін ажыратуды, күйді тыңдай білуді. Әнді жеке және хормен орындай

Әдіскер: *Аманжол*

Күні: 18.05.2021/20.05.2021

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технокартасы**

**Тобы:** «Раушан» ересек

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** « Көңілді жаз!»

**Мақсаты:** Балаларды жаз туралы әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету;**Қолданылатын көрнекі құралдар:** ұрмалы үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы.

**Билингвальді компонент:** би – танец.

қу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып, музыка залына келеді.	Шаттық шеңберінде тұрып, бір-біріне жылы ықыластарын, қолдарының жылуын жеткізеді
Ұйымдастырушылық – ізденістік	. Кел, билейік» (Б. Байқадамов). Әуенге ілесіп аяқты кезек-кезек өкшеге қойып, үш рет топылдатып, орнында тұрып айналып қимылдар жасау. Педагог өлең оқиды. Аппақ көйлек киемін, Қос етегі бүрмелі. Қамзол кидім қынай бел, Толған ою-өрнекке «Билесін» деп сұрайды ел, Өнерімді көрмекке. - Балалар өлең кім туралы? - Биді кім билейді? - Әдемі көйлек киіп би билейтін кісіні «биші» дейді. Музыка тыңдау. «Би» (Е. Андосов). Музыканы тыңдай отырып, осы әуенге қандай би билеуге болатынын елестеттіндер ме? Балалармен ырғаққа ілесе қол соғып, аяқты топылдатып көрсету. Ән айту. «Кел, билейік» (Б. Байқадамов). Алдымен ән айту ережелерін еске түсірейік. Әннің мәтініне тоқталып, балаларға түсіндіріп, жетекші әуенді қайталап, балаларға үйретеді. «Балдырғандар әні» (Ш. Қалдаяқов) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау. Билер.«Қосарланып билеу» – Литва халық әні, өңдеген Т. Попатенко.. Ойындар, хороводтар. «Серуендейміз, демаламыз» (М. Красев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Янка» – беларусь халық биі. Балаларды ұрмалы үшбұрыш аспабымен таныстыру, дыбысталуын көрсету.	Балалар қимылдар жасайды. Билеу кезінде жұбымен бірдей қимыл жасауға көңіл бөлу Алғашқы әуен орындалғанда балалар жай, демалып жүреді. Әуен өзгергенде ширақ жүріспен жүреді. Әуеннің ауысқанын балалар ұқыптылықпен тыңдау керек. Балалар үшбұрышпен бірге әуенге қосылып, аспапта айналып жатыр .
Рефлексиялық-түзетушілік	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады? Немен ұнады	Балалар қоштасып,шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже;Біледі:** әндерді орындайды, би элементтерін көрсетіп, жасайды;

**Игереді:** музыка жанрларын ажыратады, түсінеді; **Менгереді:** хор айтуға үлкен шеңберге тұра алады

Әдіскер: 

